

ISSN 2312-475X
9 772312 475142 0 3

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

**Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
Актюбинского
регионального государственного
университета имени К.Жубанова**

3

2014

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
ХАБАРШЫСЫ
ғылыми журналы

научный журнал
ВЕСТНИК

Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2014 жылдың 16 қаңтарында тіркелген, куәлік №14089-Ж
Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК 16 января, 2014 года, свидетельство №14089-Ж

№3 (37)

Жазылу индексі: 74646

Подписной индекс: 74646

20

Үш айда бір рет шығады

Выходит один раз в три месяца

ЖЕЛТОКСАН
2014

БАС РЕДАКТОР
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
КЕНЖЕБАЕВ К.К.
БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
ЗАМ.ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА
КУСАНОВА Б.Х.
РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДКОЛЛЕГИЯ
АБДУЛЛАЕВ Н.А.
АЙТАЛЫ А.А.
АЙПЕИСОВА С.А.
БОТАГАРИЕВ Т.А.
ЕСЕНЖАНОВ С.З.
ИСМЕТ БИНЕР (Турция)
КОРЧЕНКО А.В. (Украина)
КУРМАНОВА Б.Ж.
МУСАЕВ А.М.
НАЙДЖЕЛ ФОРМАН
(Великобритания)
ПОПИВАНОВ НЕДЮ (Болгария)
САРТАБАНОВ Ж.А.
РОМАНЧЕНКО В.Я. (Россия)
ТУРАЖ АТАБАКИ (Голландия)
ТУРЕБАЕВА К.Ж.
ТЯПУХИН А.П. (Россия)
ШУНКЕЕВ К.Ш.

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР
КАРАША Г.Д.

МЕНШІК ИЕСІ СОБСТВЕННИК
РГП на ПХВ «Актюбинский
региональный государственный
университет им. К.Жубанова» МОН
РК

МАЗМҰНЫ

физика-математика ғылымдары

Алданиязова Г.М., Орын Қ.Т. Мектептегі физикалық оқу эксперименті.....	3
Алданиязова Г.М., Сагиджанова Б.С. Особенности преподавания темы «Электростатическое поле» по курсу «Электричество и магнетизм».....	5
Сартабанов Ж.А., Дюсмағамбетова Г.Ш. Толық дифференциалдық және оған келтірілетін тендеулердің көппериодты интегралдары.....	10
Әбдіқалықов Қ.Ә., Жұмағалиев А.Ш. Асимметриялық криптожүйеде Карацуба-Офман алгоритмін қолдану әдісі.....	14
Мырзабеков С.Ә., Балмағанбет О.А. Қазақтың ертедегі есептері.....	18
Әбдіқалықов Қ.Ә., Темірбаев Н.Н. Стеганография әдісін қолданып ақпаратты жасыру.....	23
Әлиева А.О., Наурызова Н.К. «Стереометрияның салу есептері» таңдау курсының оқыту барысында компьютерлік технологияны қолдану.....	25
Байганова А.М., Марат Г.М. Мәліметтер қорының архитектуралары.....	31
Байганова А.М., Есенжолова Г.Н., Байманова С. Ж. Жұмыс орнын автоматтандыру принциптері мен оған қойылатын талаптар.....	33
жаратылыстану ғылымдары Сырымбетов С.Т., Туралин Б.А. Қазақстан орнитофаунасының қазіргі жағдайы.....	35
Туралин Б.А., Сырымбетов С.Т., Умбетқұлова А. Қ. Ақтөбе облысының табиғи қорық қорын қорғауға алынған нысандар және даму келешегі.....	37
филология ғылымдары Панзбекова А.Д. Концептосфера времени в английском и русском языках.....	41
EL-Sakran T. M. I Wished I Could Speak all Languages of the World.....	44
Арзуманова Р.А. Совершенствование социокультурной компетенции у студентов из СНГ в процессе изучения курса «Русский язык и культура речи».....	49
Касымова О.П. Норма и отступления от неё в языковой системе.....	55
D. McDonald Whig history with a russian accent: context, narrative and cross-cultural appropriation in imperial Russia.B.E. Nol'de's reading of the durham report.....	59
Махпиров В.У. Төр, как константа тюркской культуры.....	77

тарих, философия және әлеуметтану	история, философия и социология	
Китигулов С.Б.		
Бекіністерді салудағы орталық үкіметтің саясаты.....		81
Бегімбаева Ж.С., Давлеткереев Ч.С.		
Внешняя политика Японии накануне второй мировой войны (1936-1939 г.г.).....		85
Веретенко В. А.		
Крещение детей в дворянских семьях России (вторая половина XIX – начало XX вв.).....		90
Еспенбетова А.М., Сисенгалиева М.		
Ахмет Бірімжановтың қоғамдық-саяси қызметі.....		93
Нурмагамбетов А. А., Айталы А. А.		
Думы учителей о себе и своем статусе.....		97
Фризен Д. Я.		
Проблемы преподавания истории Казахстана в Отечественной системе образования и роль данного процесса в развитии общества.....		105
экономика және құқық	экономика и право	
Еспаев С.С.		
Формирование наукоёмкой экономики в Казахстане на основе инновационных кластеров.....		111
Нурманов А.О., Тасимов А.Т.		
Государственное регулирование сельскохозяйственной отрасли как одно из основных условий эффективного функционирования национальной экономики.....		120
Жүнісов Б.А., Мамбетов У.Е.		
Еуразиялық экономикалық одақ аймақтық деңгейдегі стратегиялық жоба		124
Нурманов А.О., Тасимов А.Т.		
К вопросу о формах и методах государственного регулирования сельскохозяйственной отрасли		128
Исмагулов К.Е., Сатаева А.Н.		
Медиация в сфере уголовного и уголовно-процессуального законодательства РК.....		131
Мороз С.П.		
Проблемы совершенствования инвестиционного законодательства Республики Казахстан.....		136
Болатова Б.Ж.		
Қаржы жүйесі және оны ұйымдастырудың қағидаттары.....		143
Ильясова Г.А.		
Моральдық зиянды өтеудің соттық тәжірибесі.....		148
Мұхтарова С.М.		
Жер туралы заңнаманың даму тарихы.....		153
педагогика және психология	педагогика и психология	
Дәрішев М.М., Тұрғанбаев М.Ә., Жиенбаев Ұ.		
Бәсекелестікке қабілетті маман дайындау мәселелері.....		157
Лашко М. В.		
Вклад Марии Гринченко в популяризацию творческого наследия Бориса Гринченко в Украине (1910 -1928).....		160
Каримова Б.С.		
Пути обновления содержания школьного учебника.....		166
Қацтарбай С.Е.		
Оқу әрекетін қалыптастыру жағдайында еңбекке тәрбиелеу.....		171
Әлиев Б.Б., Атанғарина Ш.Қ. Интеграциялық әдістерді халық педагогикасымен ұштастыру жолдары.....		174
ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ		
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ		179
Кузбаков Ж. И., Федоскин В.А.		
Снижение динамических нагрузок на станину щековой дробилки при дроблении высокопрочных материалов.....		185
Мусилим Т.С.		
Совершенствование технологии производства медных труб		191
ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ	ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И СПОРТ	
Марденов К.Ж., Утегалиев Т.Х., Куншашев К.К., Саитғалиев Р.Р., Кеншиликова М.А.		
Обучение технике бега и беговой осанке		195
Авторлар туралы мәліметтер		
Сведения об авторах.....		198
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына мақала беру тәртібі.....		199
Порядок приема статей в научный журнал «Вестник Актыюбинского регионального государственного университета имени К.Жұбанова».....		

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 623.2

МЕКТЕПТЕГІ ФИЗИКАЛЫҚ ОҚУ ЭКСПЕРИМЕНТІ Алданиязова Г.М., Орын Қ.Т.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В данной работе рассматриваются вопросы выполнения экспериментальных заданий по физике. Показаны аспекты развития памяти, умения сравнивать, обобщать, анализировать и делать выводы по результатам выполнения лабораторной работы.

In hired the questions of implementation of experimental tasks are examined on physics. The aspects of development of memory, abilities to compare, summarize, analyse and draw conclusion on by the result of implementation laboratory, are shown works.

Ключевые слова: *физика, учебные задание, лабораторные работы.*

Key words: *physics, educational task, laboratory works.*

Физика – эксперименттік ғылым. Сондықтан физикадан өткізілетін оқу эксперименті оқушылардың физика бойынша алатын білімдерінің көзі және физикалық құбылыстарды зерттеудің әдісі, физика сабақтарындағы басты көрнекілік болып табылады.

Арнаулы приборлардың жәрдемімен физикалық процестерді демонстрациялап көрсету және оқушылардың өздерінің істеп, зерттеп, бақылауы физикалық оқу эксперименті деп аталады. Ол физиканы оқытудағы ең негізгі көрнекі құрал болып табылады. Себебі оны пайдаланудың нәтижесінде физикалық ұғымдар қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар тағайындалады, физикалық заңдар тексеріледі.

Эксперимент – физикалық құбылысты тану жолы болумен қатар, жалпы дүние жөніндегі ғылыми білімнің шынайы екендігінің, адамның дүниетануының және табиғатқа ықпал жасай алатындығының дәлелі. Физикалық тәжірибені тікелей жасаған, түрлі физикалық құбылыстарды бақылаған, оның жүруіне тікелей атсалысқан оқушының күрделі физикалық құбылыстарды бақылауға, ал өзгерістерді қажетті мақсатқа сәйкес басқаруға болатынына, олардың табиғи заңға бағынатынына, ол заңдарды білу физикалық өзгерістерді адамның өмірлік іс-әрекетінде кең пайдалануына мүмкіндік туғызатынына көзі жетеді. Эксперимент - оқыту процесінде теорияның өмірмен өзара байланысын іс жүзіне асыратын, білімді сенімге айналдыратын өте маңызды жол. Демек, дұрыс жасалған эксперимент пен одан шығарылған айқын қорытынды – физиканы оқыту кезінде оқушылардың дұрыс дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырудың маңызды құралы деп есептеу керек.

Физикалық эксперименттің сипаты мынадай:

- физикалық, яғни табиғи құбылыстарды танудағы бастапқы қадам;
- айтылған болжаудың, сол сияқты мұғалім айтқан немесе оқушылардың оқулықтан оқыған физикалық ғылыми ережелерінің дұрыстығын анықтаудағы бірден-бір негізгі дәлел;
- лаборатория – құрал-жабдықтарды, жеке аспаптарды қолдана білу, физикалық құбылыстарды тудыру және бір-бірінен ажырата білу жөнінде практикалық дағдыларды қалыптастырып, жетілдіре түсінетін бірден-бір тиімді орын;

-эксперимент – теориялық білімді дамытудың, жетілдіре берудің және алған білімінің тиянақты болуының бірден-бір кепілі;
-эксперимент – оқушылардың білімін, іскерлігін алған дағдылардың тексерудің әдісі;
-оқушыларға талап қоюшы; оқушылардың бақылаушылық, ізденушілік қабілетін дамытушы; білімді өз бетінше алуға, оны жетілдіре түсуге және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға машықтаушы.

Оқушыларға физикалық құбылыстар жөнінде түсінік беру алдында, оларға эксперименттік есеп пен сұрақ ұсынуға болады. Әрине, ол сұрақтарға тек тәжірибе жүзінде жауап беріледі. Оқушылардың әлі қажетті білімі болмағандықтан бұл жерде мұғалімнің көмегі қажет, ол оқулықтағы аспап құрылысымен таныстырады, шәкірттерге тәжірибе жүргізіп, қорытынды жасатады. Кей жағдайда тәжірибе нәтижесінде алынатын мәліметтерді оқушылар алдын ала болжап айтуы мүмкін. Мұндай жағдайда, эксперимент дәлелдеу не тексеру міндетін атқарады. Ол оқушылардың физикалық заңдары неғұрлым тезірек меңгеруіне, физика пәнін оқып үйренуге деген қызығуын арттыруға үлкен себін тигізеді.

Эксперименттік есептерді шешу тәсілдері оларды шешудегі эксперименттік жұмыстың қойылуына тәуелді. Мысалы, есепті шешу үшін барлық тексеру қажет болса, онда есептің шешуін нұсқауларға сәйкес жазады.

Эксперименттік есептердің басқа түрлерінде есепті шешу және баяндау қажет болады. Егер есепті шешу үшін қажетті шамалар тәжірибе нәтижесінде алынса, онда экспериментті құру және өлшеулер жүргізу маңызды.

Есеп түріндегі эксперименттік тапсырмаларды шешу және жазу келесі элементтерден тұрады: есептің қойылуы, шарттарды анализдеу, өлшеулер жүргізу, есептеулер, тәжірибеден тексеру. Эксперименттік есептердің бағалы жері – ол оқушылардың алған білімін практикада қолдана білуін тексеруге жол ашады.

Орта мектепте физиканы оқытуда эксперименталдық шеберліктер өз бетінше зертханалық жұмыстарды орындау кезінде қалыптасады.

Оқушыларға сабақ үстінде демонстрациялық физикалық тәжірибиелер көрсетілгендіктен, физиканы оқытуда теориялық сабақ ретінде қарастыруға болмайды. Сезімдік қабылдаулар үшін «қолмен жұмыс» сабақтары болу міндетті. Зертханалық физикалық экспериментте тәжірибиелерді орындау және физикалық шамаларға өлшеулер жүргізілген уақытта ғана табысқа жетеді. Зертханалық сабақтар оқушылар үшін өте қызық, өйткені оқушы өз тәжірибиесі мен сезімдері арқылы қоршаған әлеммен танысады.

Танымдық эксперименттің орны мен маңызы туралы түсініктер физикадан зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы қалыптасады. Тәжірибиелерді орындауда оқушыларда интеллектуалдық және іс-тәжірибиелік шеберліктермен бірге эксперименталдық шеберліктер қалыптасады. Шеберліктің бірінші тобына жатады: эксперимент мақсатын анықтау, жорамалдар жасау, құралдарды іріктеу, экспериментті жоспарлау, қателіктерді есептеу, нәтижелерді талдау, атқарылған жұмыс туралы есеп беру. Шеберліктің екінші тобына кіреді: эксперименталдық құрылғыны жинау, бақылау, өлшеу, экспериментті жасау.

Зертханалық эксперименттерді жүргізудің мәні оқушыларда мынадай қасиеттердің пайда болуына әсерін тигізеді: құралдармен жұмыс істеуде ептілік, жұмыс орнында тазалықты қатаң қадағалау ұйымдастырушылық қабілеттің қалыптасуы және нәтижені алуда табандылық пен бірге ой және дене еңбегінің мәдениеті қалыптасады. Физика пәнін оқытуда құбылыстарды немесе объектінің қасиеті идеалдау арқылы теориялық түрде оқып-үйретіледі. Оқушылар осы абстракциялау әдісіндегі құбылыстарды көз алдына елестете алмай, оған қолданылатын заңдылықтарды түсінбейді, яғни күнделікті нақты өмірде көргендерін теориялық оқып-үйренгендерімен ұштастыра алмайды. Сондықтан физиканы оқытуда әртүрлі оқу эксперименттері кеңінен пайдаланылады. Егер сабақта қажетті тәжірибелер жасалмаса және бағдарламада

көрсетілген міндетті зертханалық жұмыстар жүргізілмесе, онда ең жақсы баяндалды деген тақырыптың өзі де қанағаттанарлық деп есептелмейді. Тәжірибелер қандайда бір құбылыс пен заңдылықтың иллюстрациясы ғана емес, ол білім көзі, әртүрлі теориялық қағидалардың дұрыстығының дәлелі болады, оқушылардың дағдылары мен білімін дамытады.

Оқытудың алғашқы кездерінде 7-8 сыныптарда оқушылар физика курсы жүйелі түрде оқып-үйренуге алғаш кіріскен кезде тәжірибелер ерекше мәнге ие болады. Мұнда сабақ сапасы көбінесе эксперименттің қаншалықты дұрыс алынғандығына, қалай дайындалғанына және қалай жүргізілгендігіне байланысты болады. Таңдап алынған тәжірибелер кез келген жағдайда белгілі бір ортақ талаптарды қанағаттандыруы тиіс. Біріншіден, тәжірибе сабақтың көпшілік бөлігін алмай, мұғалімнің әңгімесінің кейбір негізгі жақтарын ғана иллюстрациялап көрсетсе болғаны.

Екіншіден, тәжірибе жасауға арналған құралдар мен қондырғылар мүмкіндігінше өте қарапайым және оқушылардың назарын шаршатпайтындай алуан түрлі болуы қажет. Мысалы, 9 сыныпта «Реактивті қозғалыс» тақырыбын өткенде, тығыз қағаздан қайық моделі және оған дезодарант ыдысынан жасалған стакан орнатылады. Стаканнан оңға қарай ыдыстың өзінің түтігі шығарылған. Модельді лабораториялық ваннадағы суға салып, стаканға толтыра су құйсақ, түтіктен оңға қарай белгілі жылдамдықпен ($g=2gh$, h -стакандағы су деңгейі) су ағып шығады да, қайық солға қарай қозғалады. Оқушылар түтіктен ағып шыққан судың қайықты қозғалысқа келтіргенін байқайды. Ұсақ гир тастарынан жүк құрап, «қайыққа» салынады. Оқушылар қайықтағы жүктерді бір-бірлеп алып, ракета мен қайық моделінің қозғалыс принципі арасындағы ұқсастықты салыстырады.

Үшіншіден, әрбір тәжірибе бақыланатын құбылыстың жаңашылдығымен немесе тосын нәтижесімен байланысты қызықтыру элементтері енгізілетіндей болып ойластырылуы керек.

Әдебиеттер

1. Қалығұлов А.Ж., «Физиканы оқыту әдістемесі». - Алматы.: -1992 ж.- 93-б.
2. Горев Л.А. «Занимательные опыты по физике в 6-7 классах средней школы». – Москва: «Просвещение», - 1985 г. -127 стр.

УДК 651.1.

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ТЕМЫ «ЭЛЕКТРОСТАТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ» ПО КУРСУ «ЭЛЕКТРИЧЕСТВО И МАГНЕТИЗМ»

Алданиязова Г.М., Сагиджанова Б.С.

Актюбинский государственный региональный университет имени К.Жубанова

*Мақалада электрлендіру мен магнетизм курсы бойынша электрстатистикалық өріс тақырыбын оқыту ерекшеліктері қарастырылған.
In this article the feature question subject an electrostatic field at the rate of electricity and magnetism is considered.*

Кілт сөздер: *электрлендіру, электрстатистикалық өріс, магнетизм.*
Key words: *electricity, electrostatic field, magnetism.*

Изучении темы электростатическое поле в школьном курсе физики охватывает широких понятие таких как заряд поле взаимодействие заряда напряженность и другие. Для изучения этих понятие в системе и выявление взаимосвязи между ними необходимо правильно организовать урок по теме электростатическое поле.

В настоящее время понятие электростатическое поле вводят в начале изучения темы «Электрическое поле». Такой подход к формированию понятие электростатическое поле более современен и отвечает в полной мере идеям физической науки и миропониманию в целом. Как показывает опыт многих преподавателей системы среднего специального образования, методическая литература и проведенные исследования, раннее введение понятие электростатическое поле хотя бы в ознакомительном плане благотворно сказывается на повышении научного уровня изложения основ электродинамики, правильном формировании диалектико-материалистического мировоззрения учащихся и способствует дальнейшему совершенствованию методических основ курса физики. Постепенно расширяясь и углубляясь на протяжении всего изучения электростатических явлений, что, в свою очередь, позволит глубже понять основные идеи современных физических воззрений на электрических взаимодействия, постепенно выяснить относительный характер электрических полей, детально познакомиться с новым видом материи – электростатическим полем во всех его проявлениях. Таким образом, понятие электростатическое поле должно пройти три основные стадии формирования. в основном с помощью соответствующих демонстрационных экспериментов дают первоначальные сведения об электростатическое поле, выявляется взаимосвязь его компонентов – электрического и электростатического полей их относительного характера, подчеркивается существование единого электростатическое поле. Во вторых, подробно излагают частные проявления электростатическое поле их свойства и основные характеристики (качественные и количественные). В конце, рассматривают переменное электростатическое поле, дают ему характеристику как особому виду материи, показывают полный спектр электрических излучений и обобщают сведения об электростатическое поле.

После пропедевтического занятия начинается последовательное изучение сначала электрического (статического и стационарного), а затем магнитного (стационарного поля). По мере изучения этих полей вводят их основные характеристики. Выясняют роль системы отсчета в некоторых электромагнитных явлениях.

Самый простой вид электромагнитного взаимодействия наблюдается, когда заряженные тела покоятся в рассматриваемой системе отсчета. В этом случае имеет место электростатическое поле, которое является потенциальным.

Главное свойство электрического (в частности, электростатического) поля, благодаря которому мы его и обнаруживаем, - способность действовать на электрические заряды с некоторой силой. Электрические заряды действуют друг на друга через свои электрические поля: из двух взаимодействующих зарядов один из них, например Q_1 действует на другой заряд Q_2 , находящийся в поле заряда Q_1 , а электрическое поле заряда Q_2 с равной по модулю, но противоположно направленной силой, действует на заряд Q_1 . Закон взаимодействия электрических зарядов (закон Кулона) – один из фундаментальных законов природы, причем границы его применимости лежат в интервале от бесконечности (макромир) до расстояний порядка 10^{-15} м (микромир).

Вводя закон Кулона, следует обратить внимание учащихся на две особенности его выполнимости.

1. В формулировке закон Кулона указывается на неподвижность взаимодействующих заряженных тел. А как известно, взаимодействие зарядов осуществляется посредством электромагнитного поля, которое распространяется в пространстве с конечной скоростью $3 \cdot 10^8$ м/с. Поэтому всякое смещение одного из зарядов скажется на другом не сразу, а через некоторое время, необходимое электромагнитному сигналу для того, чтобы

«пройти» расстояние, разделяющее заряды. Поэтому взаимодействие между движущимися зарядами не может определяться лишь расстоянием между ними в данный момент времени и правильно его описать невозможно без рассмотрения электромагнитного поля. Эти рассуждения следует привести для того, чтобы показать тесную связь между электромагнитным взаимодействием и конечной скоростью его распространения.

2. Отмечая справедливость закона Кулона только для точечных зарядов, можно указать на возможность его использования и в том случае, когда заряды нельзя считать точечными. Тогда заряженное тело мысленно разбивают на отдельные элементы и каждый из них рассматривают как точечный. Затем находят действие каждого из этих точечных элементов на интересующий нас заряд и производят векторное суммирование, результатом которого и является искомая сила.

Возможность этой операции основана на принципе суперпозиции полей. Его сущность состоит в том, что в обычных условиях при наложении электрических полей последние не влияют друг на друга (значит, и не взаимодействуют) и действуют на внесенный в них заряд независимо друг от друга. Нарушение принципа суперпозиции наблюдается только в нелинейной оптике.

При изучении закона Кулона и принципа суперпозиции полей следует указать, что они выражают основные свойства электростатического поля. Все остальные выводы являются следствием этих двух экспериментально установленных фактов, поэтому методика при изучении электростатики должна сводиться к тому, чтобы объяснение электростатических явлений базировалось на этих двух положениях.

Обсуждая с учащимися потенциальный характер электростатического поля, следует четко выяснить истоки его потенциальности, заложенные в структуре образования самого поля. Дело в том, что в учебной литературе для студентов понятие потенциальности электрического поля обычно объясняется на основе энергетического анализа самого поля. Для этого обычно рассматривают однородное электростатическое поле и доказывают независимость работы по перемещению зарядов от вида траектории их движения. Далее надо ввести энергетическую характеристику электростатического поля – потенциал, в результате чего появляется возможность говорить о потенциальной энергии зарядов в поле, т.е. в конечном счете о потенциального характера электростатического поля правомерен, но страдает некоторый ограниченностью, поскольку не вскрывает сути потенциальности поля. Потенциальность электростатического поля обусловлена наличием источников поля – зарядов и центральным характером электростатических сил. Здесь уместно провести аналогию между электростатическим полем и полем тяготения Земли.

Наличие заряда у макротел (или микрочастиц) проявляется в особом взаимодействии между ними, называемом электромагнитным. В случае неподвижных точечных зарядов (заряженных тел) их взаимодействие осуществляется по закону Кулона. Если же заряды (заряженные тела) движутся, то электромагнитное взаимодействие в значительной степени определяется модулем и направлением их относительной скорости, поэтому в зависимости от системы отсчета электромагнитное взаимодействие может иметь либо электрический характер, либо электромагнитный.

В соответствии с современными представлениями физической науки существует наименьшая порция электричества – элементарный заряд ($e = 1,6 \cdot 10^{-19}$ Кл).


С понятием заряда тесно связан закон его сохранения: алгебраическая сумма зарядов в замкнутой системе тел остается неизменной во времени. Справедливость этого закона подтверждается при изучении таких явлений, как электризация тел, соотношение между токами в узлах электрической цепи, появление двух противоположно заряженных частиц в процессах рождения электронно-позитронной пары и т.д.

Отличительным свойством заряда является его инвариантность. Это свойство состоит в том, что заряд (в отличие от массы тела или частицы) не зависит от скорости движения заряженной частицы, значит, и от системы отсчета. При этом массы их

увеличиваются в соответствии с законами специальной теории относительности, а заряд движущейся частицы не изменяется, т.е. не зависит от скорости.


Стационарное электрическое поле. При изучении постоянного тока следует отметить, что одним из главных условий его возникновения является стационарное электрическое поле. Выясним, чем оно отличается от электростатического. Из электростатики учащиеся знают, что внутри уединенного заряженного проводника электрическое поле отсутствует, а свободные заряды расположены на его поверхности. Эти заряды создают поле лишь вне проводника, причем силовые линии направлены нормально к его поверхности.

Известно, что между полюсами источника тока существует электростатическое поле (рис 1) напряженность которого на прямой, соединяющей центры эти полюсов (в рассматриваемом случае выполненных в виде шаров) не является постоянной, а убывает по мере удаления от положительного полюса (шара) к середине расстояния между ними, а затем снова возрастает (по модулю) по мере приближения к отрицательному полюсу. Предположим, что мы соединили клеммы источника (шары) однородным цилиндрическим проводником.



Для получения постоянного тока внутри цилиндрического проводника должно существовать однородное электрическое поле, причем его силовые линии должны располагаться вдоль оси проводника.

Чтобы представить механизм процесса изменения структуры электрического поля, допустим, что цилиндрический проводник вносится в электростатическое поле (между полюсами источника) мгновенно и в первый момент после замыкания им цепи поле во всем пространстве между полюсами (шарами) имеет еще прежнее строение. Это значит, что в этот момент напряженность электрического поля во всех точках внутри проводника, кроме точек, которые лежат на прямой, соединяющей центры шаров, будет иметь составляющую, нормальную к его поверхности (E_n), и движение электронов вдоль силовых линий этого поля приведет к появлению на поверхности проводника электрических зарядов. Этот процесс будет происходить до тех пор, пока E_n не обратится внутри проводника в нуль. После этого вся поверхность проводника окажется заряженной, причем одна его половина – положительно, а другая – отрицательно (рис 2). Появившиеся на поверхности проводника заряды изменяют первоначальное электрическое (статическое) поле: силовые линии в самом проводнике становятся почти параллельными его оси, т.е. поле внутри проводника оказывается близким к однородному, а вне его оно неоднородно (поверхность проводника теперь уже не будет изопотенциальной), причем силовые линии располагаются наклонно поверхности проводника.



Наличие разности потенциалов между точками проводника по которому течет постоянный ток, является существенным отличием стационарного поля от электростатического. Пока тока в цепи нет, точки заряженного проводника, присоединенного к источнику высокого напряжения, имеют одинаковые потенциалы. Следовательно, разность потенциалов между двумя любыми точками равна нулю, а значит, и $E=0$. При замыкании цепи потенциалы различных точек проводника становятся неодинаковыми, следовательно, и $E \neq 0$.

Далее следует пояснить, что наряду с различием имеется и существенное сходство между статическим и стационарным электрическими полями – оба они потенциальны. Это означает, что работа при перемещении электрического заряда в этих полях по замкнутому пути равна нулю; силовые линии обоих полей не замкнутые (начинаются и кончаются на зарядах). Вот почему к стационарному полю применимо понятие потенциала.

Потенциальный характер стационарного электрического поля можно обосновать на основе следующих рассуждений. Как показывает опыт, сила постоянного тока во всех сечениях цепи одинакова: заряды нигде не накапливаются и не исчезают, т.е. при прохождении постоянного тока по проводнику распределение заряда в пространстве не изменяется со временем, хотя заряды и находятся в движении. Просто одни заряженные частицы занимают места других, а третьих и т.д. Постоянство в пространственном распределении зарядов и является признаком потенциальности стационарного электрического поля, а это, в свою очередь, определяет основной закон постоянного тока – закон Ома. Отметим, что из закона Ома, записанного в дифференциальной форме ($j = \gamma E$), вытекает однородность поля внутри проводника. Действительно, так как в цепи заряды нигде не накапливаются, то $\text{div} j = \gamma \text{div} E = 0$. Это равенство показывает, что линии напряженности поля нигде не сходятся и не расходятся. Кроме того, оно также означает, что в проводнике при протекании постоянного тока нигде не объемных зарядов ($\rho = 0$). Этот теоретический вывод можно объяснить учащимся так. Что плотность тока в любом месте проводника одинакова, так как заряды нигде не накапливаются и не исчезают. Учитывая, что заряды движутся преимущественно вдоль силовых линий, делаем вывод, что это линии не должны пересекаться. В противном случае в месте их пересечения в проводнике должен был бы образовываться заряд (линии поля пересекаются только на зарядах).

Литература

1. Журнал «Физика и астрономия». -2005. -№6 (15).

**ТОЛЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ОҒАН КЕЛТІРІЛЕТІН
ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ КӨППЕРИОДТЫ ИНТЕГРАЛДАРЫ**

Сартабанов Ж.А., Дюсмағамбетова Г.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Установлены условия многопериодичности общего интеграла уравнения в полных дифференциалах на основе средних значений входных данных.

Establish conditions more periodical general integral equations in total differentials based on the average values of the input data.

Ключевые слова: *многопериодическая функция, уравнения в полных дифференциалах, общий интеграл, среднее значение.*

Key words: *more periodical function, exact differential equations, general integral, average value.*

Алдымен, көппериодты

$$M(x, y)dx + N(x, y)dy = 0 \quad (1)$$

теңдеуін қарастырайық. Мұндағы $M(x, y)$ және $N(x, y)$ функциялары (x, y) бойынша үзіліссіз дифференциалданатын (θ, ω) – периодты функциялар болсын. Демек,

$$M(x + \theta, y) = M(x, y + \omega) = M(x, y) \in C_{x,y}^{(1,1)}(R \times R), \quad (2)$$

$$N(x + \theta, y) = N(x, y + \omega) = N(x, y) \in C_{x,y}^{(1,1)}(R \times R)$$

(3)

шарттары қанағаттандырылады.

Егерде $F(x, y)$ функциясы табылып,

$$\frac{\partial F(x, y)}{\partial x} = M(x, y), \quad \frac{\partial F(x, y)}{\partial y} = N(x, y)$$

(4)

теңдігін алсақ, онда (1) теңдеу **толық дифференциалдық теңдеу** деп аталынады.

Осы (4) шарт орындалса, онда

$$F(x, y) = C$$

(5)

өрнегі (1) теңдеудің жалпы интегралы болатыны белгілі.

Біздің мақсатымыз (5) өрнекпен анықталатын толық дифференциалдық (1) теңдеудің жалпы интегралының көппериодты болатындығының шартын анықтау. Кейінгі мақсатымыз – осы нәтиже негізінде толық дифференциалдық теңдеуге келтірілетін теңдеулердің көппериодты интегралдарын анықтау болып табылады. Оған бөлек тоқталамыз.

Теңдеу көппериодты болғанымен оның интегралы көппериодты болмауы мүмкін. Мысалы,

$$(\cos x - \sin x) \cdot \cos \sqrt{2}y dx - \sqrt{2} \cos x \cdot \sin \sqrt{2}y dy = 0$$

теңдеуінің жалпы интегралы

$$F(x, y) \equiv e^x \cos x \cdot \cos \sqrt{2}y = C$$

болатынына көз жеткізу қиын емес.

Енді (1) теңдеу үшін толық дифференциалдық шарт

$$\frac{\partial M(x, y)}{\partial y} = \frac{\partial N(x, y)}{\partial x} \quad (*)$$

орындалсын дейік. Бұл жағдайда $F(x, y)$ функциясы

$$F(x, y) = \int_{x_0}^x M(x, y) dx + \int_{y_0}^y N(x_0, y) dy$$

(6) формуласымен анықталатыны белгілі.

1 лемма. Егер $\varphi(x) - \theta$ -периодты үзіліссіз функция болса, онда оның интегралы

$$\int_0^x \varphi(t) dt = \alpha x + \psi(x)$$

түрінде өрнектеледі, мұндағы

$$\alpha = \frac{1}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt,$$

$$\psi(x) = \int_0^x \varphi(t) dt - \frac{x}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt$$

өрнектерімен анықталады және $\psi(x)$ функциясы

$$\psi(x + \theta) = \psi(x)$$

шартын қанағаттандыратын үзіліссіз функция.

Дәлелдеуі. Интегралды

$$\int_0^x \varphi(t) dt = \frac{1}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt \cdot x + \left[\int_0^x \varphi(t) dt - \frac{x}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt \right] = \alpha x + \psi(x).$$

түрінде өрнектейміз. Мұндағы $\psi(x)$ үзіліссіз функцияны интегралы ретінде үзіліссіз болады. Енді оның θ -периодты екеніне көз жеткізейік. Шынында да,

$$\begin{aligned} \psi(x + \theta) &= \int_0^{x+\theta} \varphi(t) dt - \frac{x+\theta}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt = \int_0^\theta \varphi(t) dt + \int_\theta^{x+\theta} \varphi(t) dt - \int_0^\theta \varphi(t) dt - \frac{x}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt = \\ &= \left. \begin{array}{l} t = s + \theta \\ dt = ds \\ \theta \xrightarrow{t} x + \theta, \\ 0 \xrightarrow{s} x. \end{array} \right| = \int_0^x \varphi(s + \theta) ds - \frac{x}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt = \int_0^x \varphi(s) ds - \frac{x}{\theta} \int_0^\theta \varphi(t) dt = \psi(x). \end{aligned}$$

өрнегімен $\psi(x)$ функциясы θ -периодты екенін көреміз.

Одан әрі, осы 1 лемманы параметрден тәуелді функция үшін жалпылайық.

2 лемма. Егер $\varphi(x, y)$ функциясы үзіліссіз (x, y) бойынша (θ, ω) -периодты болса, онда

$$\int_0^x \varphi(\tau, y) d\tau = \phi(x, y)$$

интегралын

$$\phi(x, y) = \int_0^x \varphi(\tau, y) d\tau = \alpha(y)x + \psi(x, y)$$

(8)

түрінде өрнектеуге болады және мұндағы $\alpha(y)$, $\psi(x, y)$ функциялары үзіліссіз, x бойынша θ -периодты, y бойынша ω -периодты функциялар.

Шынында да, бұл 2 лемманың дәлелдеуі 1 лемманың дәлелдеуіне ұқсас және $\alpha(y)$, $\psi(x, y)$ функциялары

$$\alpha(y) = \frac{1}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau, \quad (9)$$

$$\psi(x, y) = \int_0^x \varphi(\tau, y) d\tau - \frac{x}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau \quad (10)$$

өрнектерімен анықталады. Бұл (9) - (10) теңдіктерден (8) өрнек шығатынын көреміз.

Үзіліссіз функцияларды интегралдауда жоғарғы шегі бойынша және параметр бойынша үзіліссіздік қасиет сақталып қалады. Ендеше, (9) және (10) функциялар үзіліссіз.

Енді периодтылығын тексереміз. Ол интеграл астындағы функциялардың периодтылығынан шығады.

$$\alpha(y + \omega) = \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y + \omega) d\tau = \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau = \alpha(y).$$

Мысалы,

Сондай-ақ,

$$\begin{aligned} \psi(x, y + \omega) &= \int_0^x \varphi(\tau, y + \omega) d\tau - \frac{x}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y + \omega) d\tau = \\ &= \int_0^x \varphi(\tau, y) d\tau - \frac{x}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau = \psi(x, y), \end{aligned}$$

$$\psi(x + \theta, y) = \int_0^{x+\theta} \varphi(\tau, y) d\tau - \frac{x+\theta}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau = \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau + \int_{\theta}^{x+\theta} \varphi(\tau, y) d\tau - \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau - \frac{x}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau =$$

$$= \left. \begin{array}{l} \tau = s + \theta \\ d\tau = ds \\ 0 \xrightarrow{s} x, \\ \theta \xrightarrow{\tau} x + \theta. \end{array} \right\} = \int_0^x \varphi(s + \theta, y) ds - \frac{x}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau = \int_0^x \varphi(s, y) ds - \frac{x}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau = \psi(x, y).$$

өрнектерімен 2 лемманың толық дәлелдеуін аламыз.

Алдыңғы 1 лемма осы 2 лемманың дербес жағдайы екенін байқаймыз.

Осы дәлелденген лемманың салдарын келтірейік.

Салдар. Егер $\varphi(x, y)$ функциясы

$$\varphi(x + \theta, y) = \varphi(x, y + \omega) = \varphi(x, y) \in C_{x,y}^{(0,0)}(R \times R)$$

көппериодтылық және үзіліссіздік шарттарын қанағаттандырса, онда оның бір айнымалы бойынша интегралдары көппериодты болуы үшін, ол функцияның сәйкес дербес орта мәндері нөлге тепе-тең болуы қажетті және жеткілікті.

$$\varphi(x, y) = \int_0^x \varphi(\tau, y) d\tau \quad \text{және} \quad \psi(x, y) = \int_0^{\omega} \varphi(x, \tau) d\tau$$

Шынында да, (x, y) бойынша (θ, ω) -периодты болуы үшін

$$\alpha(y) = \frac{1}{\theta} \int_0^{\theta} \varphi(\tau, y) d\tau, \quad \beta(x) = \frac{1}{\omega} \int_0^{\omega} \varphi(x, \tau) d\tau$$

x және y бойынша орта мәндері $\alpha(y)$ пен $\beta(x)$ кез келген $y \in R$, $x \in R$ үшін нөлге тең болуы эквивалентті екені (8) өрнектен көрініп тұр. Демек, салдар дәлелденді.

Теорема. Егер (1) теңдеу (2), (3) және (*) шарттарын қанағаттандырса, онда оның жалпы интегралы $F(x, y) = c(x, y)$ бойынша (θ, ω) - периодты болуы үшін

$$\lambda(y) = \frac{1}{\theta} \int_0^{\theta} M(\tau, y) d\tau = 0, \quad \nu(x) = \frac{1}{\omega} \int_0^{\omega} N(x_0, \tau) d\tau = 0, \quad (11)$$

$$(x_0, y_0) \in R \times R, \quad (x, y) \in R \times R$$

тепе-теңдіктерінің орындалуы қажетті және жеткілікті.

Дәлелдеуі. Шынында да, $F(x, y)$ функциясы (6) өрнекпен анықталады. 2 лемма бойынша

$$\int_{x_0}^x M(\tau, y) d\tau = \lambda(y)(x - x_0) + \overline{M}(x, y),$$

$$\int_{y_0}^y N(x_0, \tau) d\tau = \nu(x_0)(y - y_0) + \overline{N}(x_0, y)$$

өрнектерін аламыз, мұндағы орта мәндері, ал $\overline{M}(x, y), \overline{N}(x, y)$ – үзіліссіз дифференциалданатын (x, y) бойынша (θ, ω) - периодты функциялар. Теореманың салдары бойынша (11) шарт орындалатындықтан

$$\int_{x_0}^x M(\tau, y) d\tau = \overline{M}(x, y), \quad \int_{y_0}^y N(x_0, \tau) d\tau = \overline{N}(x_0, y)$$

(θ, ω) - периодты функциялар. Демек, $F(x, y)$ – (θ, ω) - периодты функциялар. Осымен теорема толық дәлелденді.

Жоғарыдағы дәлелдеуде

$$\int_{x_0}^{x_0+\theta} M(\tau, y) d\tau = \int_0^{\theta} M(\tau, y) d\tau, \quad \int_{y_0}^{y_0+\omega} N(x_0, \tau) d\tau = \int_0^{\omega} N(x_0, \tau) d\tau$$

теңдіктері ескерілген.

Мысалы, теңдеудің

$$[\sin x \cos \pi y (2 - \sin x \sin \pi y) + (3 - \cos x \cos \pi y) \cos x \sin \pi y] dx +$$

$$+ [\pi \cos x \sin \pi y (2 - \sin x \cos \pi y) + (3 - \cos x \cos \pi y) \sin x \pi \cos \pi y] dy = 0$$

теореманың барлық шарттарын қанағаттандыратынын тексеру қиынға соқпайды.

Ендеше $F(x, y) = C - (2\pi, 2)$ - периодты интеграл және $F(x, y) = (3 - \cos x \cos \pi y)(2 + \sin x \sin \pi y)$.

Әдебиеттер

1. Матвеев Н.М. Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. - М. Высшая школа, 1963 г. -548с.
2. Сартабанов Ж.А. Периодты функциялар және кейбір қарапайым дифференциалдық теңдеулердің периодты шешімдері. - Алматы, РБК, 2001 ж.-108 б.
3. Кульжумиева А.А., Сартабанов Ж.А. Периодические решения систем дифференциальных уравнений с многомерным временем.-Уральск, РИЦ ЗКГУ, 2013.- 167 с.

АСИММЕТРИЯЛЫҚ КРИПТОЖҮЙЕДЕ КАРАЦУБА-ОФМАН АЛГОРИТМІН ҚОЛДАНУ ӘДІСІ

Әбдіқалықов Қ.Ә., Жұмағалиев А.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В данной статье рассматриваются метод Карацуба-Офмана в асимметричной криптографии.

This article examines the Karatsuba-Ofman in cryptography and simmetrichnoy

Ключевые слова: *метод Карацуба-Офмана, асимметричная криптография.*

Key words: *method of Karatsuba-Ofman, asymmetric cryptography.*

Ақпаратты қорғауда асимметриялық типтегі криптожүйелерді жүзеге асыруда есептеу қиындығы негізінен үлкен көп разрядты сандармен модулярлық арифметикалық амалдарды орындауға тура келетіндегі белгілі. Осыған байланысты соңғы уақытта модулярлық арифметика амалдарды орындайтын тиімді алгоритмдерді іздеуге көп көңіл бөлінуде [1]. Осыған орай бұл жұмыста RSA криптожүйесінде орындалатын көбейту амалдарын жылдамдату әдістерін қарастырамыз [2].

A пайдаланушы B пайдаланушыға RSA криптожүйесін қолданып хабарлама жібергісі келеді делік.

Бұл жағдайда A пайдаланушы хабарлама жіберуші, ал B пайдаланушы хабар алушы болады. A және B пайдаланушылары келесі қадамдар жасайды.

1. B пайдаланушы кез-келген екі қарапайым үлкен көп разрядты сан p және q сандарын таңдайды.
2. B пайдаланушы $N = p \times q$ мәнін есептейді.
3. B пайдаланушы Эйлер функциясын есептейді

$$\varphi(N) = (p - 1)(q - 1)$$

және кездейсоқ d құпия кілтінің мәнін таңдап, келесі шарттың орындалуы ескеріледі

$$1 < d \leq \varphi(N), \quad (d, \varphi(N)) = 1$$

4. B пайдаланушы ашық e кілттің мәнін есептейді

$$ed \equiv 1 \pmod{\varphi(N)}$$

5. B пайдаланушы A пайдаланушыға қорғалған арна арқылы екі сан жібереді (N, e) .

Егер A пайдаланушы B пайдаланушыға M хабарлама жібергісі келсе, ол келесі қадамдарды орындайды.

6. A пайдаланушы бастапқы M мәтінін блоктарға бөледі, олардың әрбіреуі мына сан түрінде берілуі мүмкін

$$M_j = 1, 2, 3, \dots, N - 1$$

7. A пайдаланушы M_j санының жалғасымдылығы түрінде берілген мәтінді мына формула бойынша шифрлайды

$$C = M_j^e \pmod{N}$$

және криптограмманы B пайдаланушыға жібереді.

$$C_1, C_2, C_3, \dots, C_j, \dots,$$

8. B пайдаланушы шифрланған хабарламаны ашуға кіріседі

$$C_1, C_2, C_3, \dots, C_j, \dots,$$

және ол үшін келесі формула бойынша d құпия кілтін пайдаланады.

$$C = M_j^d \pmod{N}$$

Нәтижесінде M_j санының кезекті жалғасымдылығы алынады, олар бастапқы M хабарламасын білдіреді. RSA алгоритмі тәжірибелік құндылыққа ие болу үшін көп шығынсыз үлкен қарапайым сандарды генерациялауға мүмкіндік алу және e мен d кілттерінің мәнін жылдам есептеу қажет.

Асимптотикалық $O(k^2)$ -ға қарағанда екі k -битті санды көбейту амалы үшін биттік операцияларды қажет ететін рекурсивті алгоритмді қарастырамыз. Бұл алгоритмді 1962 жылы орыстың ұлы ғалымдары Карацуба және Офман ұсынды [3]. Төменде оның қысқаша берілуі көрсетілген. a және b шамаларын екі бірдей бөліктерге бөлеміз:

$$a := 2^h a_1 + a_0, \\ b := 2^h b_1 + b_0,$$

яғни a_1 -бұл a -ның h жоғарғы биті, ал a_0 - a -ның h кіші биттері, k -жұп сан және $2h = k$. Бізді алгоритм асимптотикасы қызықтырғандықтан, k 2-нің дәрежесі деп аламыз. a және b сандарын көбейту алгоритмі олардың a_0 , a_1 , b_0 және b_1 бөліктерінің көбейтіндісіне ыдырайды.

$$t := a \cdot b \\ := (2^h a_1 + a_0)(2^h b_1 + b_0) \\ := 2^{2h}(a_1 b_1) + 2^h(a_1 b_0 + a_0 b_1) + a_0 b_0 \\ := 2^{2h} t_2 + 2^h t_1 + t_0$$

болғандықтан, $2h$ -биттік сандарының көбейтіндісі төрт h -биттік сандардың көбейтілуін талап етеді. Осыдан біз көбейтудің стандартты рекурсивті алгоритміне (SRA) ие боламыз.

SRA (a, b) функциясы

$$t_0 := \text{SRA}(a_0, b_0)$$

$$t_2 := \text{SRA}(a_1, b_1)$$

$$u_0 := \text{SRA}(a_0, b_1)$$

$$u_1 := \text{SRA}(a_1, b_0)$$

$$t_1 := u_0 + u_1$$

$(2^{2h} t_2 + 2^h t_1 + t_0)$ мәнін қайтару керек.

екі k -биттік сандарының көбейтіндісін талап ететін биттік операциялар саны болсын. Онда көбейтудің стандартты рекурсивті алгоритмі келесі биттік операциялармен орындалады:

$$T(k) = 4T\left(\frac{k}{2}\right) + \alpha k,$$

мұндағы αk -жоғарыда келтірілген қосулар мен жылжыту операцияларын орындауға қажетті биттік операциялар саны. $T(1) = 1$ болғанда бұл рекурсияны шеше отыра,

көбейтудің стандартты рекурсивті алгоритмі екі санды көбейту үшін $O(k^2)$ -биттік операцияларды қажет ететінін табамыз.

Карацуба-Офман алгоритмі осындай нәтижеге жарты ұзындықтағы санның 3 көбейту амалы арқылы жетуге болатынына негізделген:

$$t_0 := a_0 \cdot b_0$$

$$t_2 := a_1 \cdot b_1$$

$$t_1 := (a_0 + a_1) \cdot (b_0 + b_1) - t_0 - t_2 = a_0 b_1 + a_1 b_0$$

Бұдан Карацуба-Офманның көбейтуінің рекурсивті алгоритмі шығады:

(КОА):

КОА (a, b) функциясы

$$t_0 := \text{КОА}(a_0, b_0)$$

$$t_2 := \text{КОА}(a_1, b_1)$$

$$u_0 := \text{КОА}(a_1 + a_0, b_1 + b_0)$$

$$t_1 := u_0 - t_0 - t_2$$

$(2^{2^h} t_2 + 2^h t_1 + t_0)$ мәнін қайтару.

$T(k)$ -Карацуба-Офман алгоритмі көмегімен екі k -битті сандарды көбейтуге қажетті биттік операциялар саны болсын. Мұндай жағдайда

$$T(k) = 2T\left(\frac{k}{2}\right) + T\left(\frac{k}{2} + 1\right) + \beta k \approx 3T\left(\frac{k}{2}\right) + \beta k,$$

мұндағы βk -Карацуба-Офман рекурсивті алгоритмінде жылжыту, азайту және қосу амалдары есебінен алғандағы биттік операциялар саны. $T(1) = 1$ бастапқы шартын қолдана отырып, осы рекурсияны шешіп аламыз да, Карацуба-Офман алгоритмі келесідей биттік операцияларды талап ететінін көреміз:

$$O(k^{\log_2 3}) = O(k^{1.58}).$$

Осылайша, Карацуба-Офман алгоритмі $O(k^2)$ биттік операцияларды талап ететін стандартты алгоритмнен шапшаң болып келеді. Бірақ, оның рекурсивті табиғатына байланысты кейбір қосымша шығындар өсуі мүмкін. Сондықтан оның артықшылықтары k мәні үлкен болғанда пайда бола бастайды. Оның қазіргі таңда қолданылуы $k = 250$

мәнінен бастап көбейту амалы тез жұмыс жасайды. $a_0 + a_1$ болғандықтан бір разрядқа көп болуы мүмкін. Сонымен бірге рекурсияның кез келген қадамында тоқтап, бір рекурсия түрін қолданып, кейін қажетті операцияларды көбейтудің стандартты рекурсивті алгоритмін қолдана отырып есептей аламыз.

Карацуба-Офман алгоритмін қолдану арқылы ашық кілтті криптожүйелердің жылдамдықтарын 2-3 есе жылдамдатуға болады.

Әдебиеттер

1. 50 лет модулярной арифметике // Сб. научн. трудов межд. науч. технич. конф. «Электроника и информатика-2005», Зеленоград, 23-25 ноября 2005 г.
2. Абдикаликов К.А., Задирака В.К. Элементы современной криптологии и методы защиты банковской информации. – Алматы.: Респ. изд. кабинет Казахской Академии образования им. И.Алтынсарина, - 1999 г. –336 с.
3. Карацуба А.А., Офман Ю.П. Умножение многозначных чисел на автоматах //ДАН СССР. –Т.145. – С. 293-294.

ӘОЖ 501

ҚАЗАҚТЫҢ ЕРТЕДЕГІ ЕСЕПТЕРІ

Мырзабеков С.Ә., Балмағанбет О.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В работе рассматриваются старинные задачи по математике, которые можно использовать на уроках, внеклассных занятиях в 5-9 классах.

Old – time problems are considered in work on mathematician, which possible use on lesson, extracurricular lessons in 5-9 classes.

Ключевые слова: *старинные задачи, математика, решение.*

Key words: the old – time problems, mathematics, decision.

Оқушылардың есеп шығаруға деген ынтасын арттыратын, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған есептер – ертедегі есептер деп аталады.

Математикалық ертедегі есептерді өрістету үшін оқушыларды қызықтыратын, ынтасын арттыратын есептерді қарастырған дұрыс. Ондай есептерге қазақтың ертедегі есептері, ертегі есептер жатады. Бұған берілген ертегі есепті шығарғанда кеткен қатені табу, есепті бірнеше жолмен шығару, өздігінен түрлі ертегі есептерін құрастыру кіреді.

1-есеп. Жүз қаз.

Ұшып келе жатқан бір топ қазға қарсы кезіккен жалғыз қаз:


– Ассалаумағалейкум, жүз қаз! – деп сәлем береді.

Сонда бастаушы қаз мойын бұрып:

– Жоқ, біз жүз қаз емеспіз! Егер де бізге тағы сонша қаз, және оның жартысы мен ширегі және өзің келіп қосылсаң ғана жүз болар едік, ал енді нешеу екенімізді өзің есептеп анықтай бер, – дейді.

Шешуі: Бірінші тәсіл.

Шарт бойынша (1-сурет):



1-сурет

$$2+3 = 99, 2 \cdot 4 + 3 = 99, \\ 11 = 99, 9 = 9, 4 = 36.$$

Екінші тәсіл. Қаздар тобын (алғашқы) x арқылы белгілейік, сонда:

$$x + x + \frac{x}{2} + \frac{x}{4} + 1 = 100, \quad 2x + \frac{3x}{4} = 99, \quad 11x = 99 \cdot 4, \quad x = 36.$$

Үшінші тәсіл. Топтардың ширегін y арқылы белгілейміз, сонда:

$$4y + 4y + 2y + y + 1 = 100, \quad 11y = 99, \quad y = 9, \quad 4 \cdot 9 = 36.$$

Төртінші тәсіл. 1) Қаздар саны 40-тан артық, бірақ 30-дан кем.

Егер олар 40 болғанда, оларды шарт бойынша қоса отырып, 111 қаз алар едік, себебі: $40 + 40 + 20 + 10 + 1 = 111 > 100$.

Егер топта 30 қаз бар деп есептесек, онда олардың жалпы саны $30 + 30 + 15 + 7,5 + 1 = 83,5 < 84$ болар еді.

2) Шарт бойынша ұшып келе жатқан қаздардың жартысын және жартысының жартысын анықтауға болады, яғни қаздар санын анықтайтын сан екі рет 2-ге бөлінеді, сондықтан ол 4-ке бөлінеді. 30 бен 40 арасында бар болғаны осындай екі сан бар – 32 мен 36. 32 саны шартты қанағаттандырмайды:

$$32 + 32 + 16 + 8 + 1 = 89 < 100.$$

Сондықтан топта 36 қаз болған.

Жауабы: 36 қаз.


2-есеп. Ньютонның есебі.

Исаак Ньютон (1642 – 1727) – ағылшынның атақты физигі, механигі, астрономы, математигі. Өзінің «Жалпылама арифметика» («Всеобщая арифметика») дейтін кітабында осы есеп бар:

Жайылымдағы шөптің қалыңдығы да, өсу жылдамдығы да бірдей. Сол жайылымның шөбін 70 сиыр 24 күнде, ал 30 сиыр 60 күнде жеп түгеседі. Осы жайылымның барлық шөбін 96 күннің ішінде неше сиыр жеп түгесер еді?

Шешуі: Бірінші тәсіл.

1 сиыр 1 күнде жейтін шөптің шамасы 1 пәйек (қысқаша 1 п.) деп белгілейік. АВ (2-сурет) – жайылымның алғашқыдағы шөбінің шамасы (ш.ш.);



2-сурет

BC – 24 күнде өскен ш.ш.;

$$BC = 24 = 2 \cdot 12.$$

BE – 60 күнде өскен ш.ш.;

$$BE = 60 = 2 \cdot 24 + 12.$$

24 күнде 70 сиыр:

$AC = 24 \cdot 70 = 1680$ (п.) жеп тауысады. Бұған жайылымдағы алғашқы мөлшері АВ және оның 24 күндегі өспесі BC енеді.

60 күнде 30 сиыр:

$$AE = 60 \cdot 30 = 1800 \text{ (п.) жеп тауысады.}$$

$$CE = AE - AC = 1800 - 1680 = 120 \text{ (п.)}$$

жайылымдағы шөптің $60 - 24 = 36$ күндегі өспесінен пайда болған.

Демек, жайылымдағы шөптің 24 күндегі өспесі

$$BC = CD = \frac{2}{3} CE = \frac{2}{3} \cdot 120 = 80 \quad (\text{п.}) \text{ болады.}$$

Сонымен, жайылымдағы алғашқы шөптің мөлшері

$$AB = AC - BC = 1680 - 80 = 1600 \text{ (п.) болғаны.}$$

$4 \cdot 24 = 96$ күн болғандықтан, жайылым шөбінің 96 күндегі өспесі

$$BK = 4 \cdot BC = 4 \cdot 80 = 320 \text{ (п.).}$$

Онда 96 күн бойы бір табын сиырға азық болатын жайылым шөбінің шамасы

$$AK = AB + BK = 1600 + 320 = 1920 \text{ (п.) болуы тиіс.}$$

Бұл табын күніне $1920 : 96 = 20$ пәйек жейді.

Демек, табында 20 сиыр болғаны.

Екінші тәсіл. y – бір күндегі шөптің өсуі болсын, сонда 24 күнде 24 y болады.

Егер жалпы қор ретінде 1 деп алсақ, онда 24 күнде сиырлар

$1 + 24 y$ шөп жейді.

Тәулігіне 70 сиыр $\frac{1 + 24 y}{24}$ шөп жесе, бір сиыр $\frac{1 + 24 y}{24 \cdot 70}$ шөп жейді.

Сол сияқты, 30 сиырды осы жайылымның шөбімен 60 күн қоректендірер едік, ал бір сиыр

күніне $\frac{1 + 60 y}{60 \cdot 30}$ шөп жейді.

Сиырдың бір күнде жейтін шөбінің саны екі табын үшін де бірдей болғандықтан,

$$\frac{1 + 24 y}{24 \cdot 70} = \frac{1 + 60 y}{60 \cdot 30},$$

$$y = \frac{1}{480}.$$

осыдан

Енді, бір сиыр бір күнде алғашқы шөп қорының қандай бөлігін жейтінін табайық:

$$\frac{1 + 24 y}{24 \cdot 70} = \frac{1}{24 \cdot 70} \left(1 + 24 \cdot \frac{1}{480} \right) = \frac{1}{1600}.$$

Сиырлардың ізделінді санын x арқылы белгілеп, келесі теңдеуді аламыз:

$$\frac{1 + 96 \cdot \frac{1}{480}}{96 x} = \frac{1}{1600},$$

бұдан, $x = 20$.

Жауабы: 20 сиыр.

Л. Н. Толстой (1828 – 1910) (атақты орыс жазушысы) – арифметиканы математиканың әліппесі деп ұққан адам. Өзінің ата мекені Ясная Полянада шаруа балаларына арнап ашқан мектебінде оқитын балаларға арнап жазған «Әліппе» («Азбука») атты кітабы бұған айғақ. Бұл кітаптың тұтас бір бөлімі арифметикалық есептер мен оларды шешу жолдарына арналған.

Л. Н. Толстойдың өзі ерекше ұнатқан екі есебін келтірейік.


3-есеп. Л. Н. Толстойдың бірінші есебі.

Шалғышылардың артелі біреуі екіншісінен екі есе үлкен екі шабындық жерді шауып бітірулері керек еді. Тұтас артель үлкен шабындықты жарты күн ішінде шапты.

Содан кейін артель екі топқа қақ бөлініп, бір тобы үлкен шабындықта қалып, оны кешке дейін шауып бітіреді, ал екінші тобы кіші шабындыққа түсіп, оны кешке дейін шапқанмен, біраз жерін бітіре алмайды. Ертеңінде бір шалғышы сол қалған жерді күні бойы шауып шықты. Артельде неше шалғышы болған?

Шешуі: Бірінші тәсіл.

Шабындық жерлерді тік төртбұрыштр арқылы кескіндейік (3-сурет).



3-сурет

Шарт бойынша үлкен шабындықты шауып бітіру үшін күннің бірінші жартысында тұтас артель, ал екінші жартысында артельдің тең жартысы ғана жұмыс істеген. Басқаша

айтқанда, артельдің жарымы үлкен шабындықты шауып бітіру үшін, $\frac{1}{2}$ күннен үш рет жұмыс істеуі керек болар еді. Сондықтан артельдің жартысы жарты күнде үлкен

шабындықтың $\frac{1}{3}$ -ін шапқан болады. Кіші шабындық үлкен шабындықтың жартысына тең. Артельдің жартысы күннің екінші жартысында үлкен шабындықтың

$$\frac{1}{2} - \frac{1}{3} = \frac{1}{6}$$

бөлігіне тең жерді шауып үлгермеген.

Есептің шарты бойынша бұл қалдықты жалғыз шалғышы бір күнде бітіруі тиіс. Осыдан

артельдің бір шалғышысы күніне үлкен шабындықтың $\frac{1}{6}$ бөлігіне тең жердің шөбін шауып бітіретінін көреміз.

Тұтас артель бір күнде үлкен шабындықты түгелдей және кіші шабындықтан үлкен

шабындықтың $\frac{1}{3}$ -іне, яғни $\frac{2}{6}$ бөлігіне, тең жер шапқан.

Демек, артель бір күнде үлкен шабындықтың $1 + \frac{2}{6} = \frac{8}{6}$ бөлігіне тең жердің шөбін шауып бітірген.

Бір шалғышы күніне үлкен шабындықтың $\frac{1}{6}$ бөлігін шауып бітіретін болғандықтан, бір

күнде үлкен шабындықтың $\frac{8}{6}$ бөлігін шауып тауысу үшін 8 шалғышы қажет, яғни

$$\frac{8}{6} : \frac{1}{6} = 8$$

Жауабы: 8 адам.

4-есеп. Л. Н. Толстойдың екінші есебі.

Бір шаруа ертеңгі сағат 5-те Туладан Москваға қарай жаяу шықты. Күндізгі сағат 12-де Туладан Москваға қарай мырза аттанды.

Шаруа әр сағатта 5 шақырым, ал мырза 12 шақырым жер жүреді. Өзі аттанғаннан кейін неше сағат өткенде және Туладан қанша шақырым жерде мырза шаруаны қуып жетеді?

Шешуі: ТВ кесіндісі шаруаның мырза аттанғанға дейінгі, ал ВС оның мырза қуып жеткенше жүретін жолы болсын (4-сурет).



4-сурет

Мырза аттанғанша, шаруа жолда

$$12 - 5 = 7$$

сағат жүреді және Туладан $5 \cdot 7 = 35$ (км) жерде болады. Мырза сағат сайын шаруадан $12 - 5 = 7$ (км) артық жүреді. Осыдан $35 : 7 = 5$ (сағат) өткенде мырза шаруаны қуып жетеді.

Туладан $12 \cdot 5 = 60$ (км) шақырым жерде мырза шаруаны қуып жетеді.

Жауабы: 12 сағат; 60 км.

А. П. Чехов (1860 – 1904) – атақты орыс жазушысы. Келесі есеп А. П. Чеховтың «Репетитор» («Көмекші») деген әңгімесінде келтірілген.

5-есеп. А. П. Чеховтың есебі.

Көпес (купец) 540 сомға 138 кез қара және көк мауыт сатып алды. Көк мауыттың кезі 5 сом, қара мауыттың кезі 3 сом болса, ол мауыттың әрқайсысынан неше кезден алған болады?

Шешуі: Алгебралық тәсілмен шешейік.

x кез – қара мауыт, y кез – көк мауыт сатып алынған болсын.

Шарт бойынша:

$$x + y = 138, 3x + 5y = 540.$$

Теңдеулер жүйесін шешейік:

$$\begin{cases} 3x + 5y = 540, \\ x + y = 138 \cdot 3 \end{cases}$$

$$2y = 126, y = 63, x = 75.$$

Жауабы: Қара мауыт 75 кез, көк мауыт 63 кез.

6-есеп. Қазақтың ескілікті ертедегі есебі.

Бір адам еңбегіне жыл аяғында бір шапан және 10 тиын алатын болып байға жалданды. Алайда ол 7 айдан соң шапан мен 2 тиын алып, жұмыстан шығып кетті. Шапан қанша тұрады?

Шешуі: Бірінші тәсіл.

Шапан x тиын тұратын болсын. Сонда айлық табысы $\frac{x+10}{12}$ тиын, ал жеті айдағы табысы $\frac{7(x+10)}{12}$

$\frac{12}{12}$ тиын немесе $(x+2)$ тиын болады. Осыдан

$$\frac{7(x+10)}{12} = x+2$$

яғни $5x = 46$, $x = 9\frac{1}{5}$ тиын.

Екінші тәсіл.

12 айда – $(x + 10)$ тиын,

7 айда – $(x + 2)$ тиын,

5 айда – 8 тиын, яғни 1 айда – $\frac{8}{5}$ тиын.

Осыдан $12 \cdot \frac{8}{5} = x + 10$, $5x = 46$, $x = 9\frac{1}{5}$ тиын.

Жауабы: Шапан $9\frac{1}{5}$ тиын тұрады.

Әдебиеттер

1. Көбесов А. Математика тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, -1993 ж.
2. Қырық қазына / құрастырған Ә.Доспамбетов. – Алматы: - Мектеп, -1987 ж.
3. Нұрсұлтанов Қ. Ертегі есептер. – Алматы: - Мектеп, -1971 ж.
4. Перельман Я.И. Занимательная алгебра. – М: Физ – мат.литература, -1959 ж.

УДК618.324

СТЕГАНОГРАФИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНЫП АҚПАРАТТЫ ЖАСЫРУ

Әбдіқалықов Қ.Ә., Темірбаев Н.Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В данной статье рассматриваются методы стеганографии закрытие информации.

This article describes the methods of steganography closing information.

Ключевые слова: *стеганография, информация, цифры, видео, фото.*

Key words: *steganography, information, figures, videos, photos.*

Соңғы мың жыл бойына стеганографияның құпиялы ақпаратты жасыру әдісі белгілі болғанына қарамастан, компьютерлік стеганография-жас және дамып келе жатқан ғылымның бір саласы.

Соңғы жылдары стеганографияның ақпараттарды жасырудағы тиімділігіне қызығушылық күннен - күнге артуда [1-5]. Әрине, криптографиямен қатар стеганография ақпараттың құпиялығын сақтауға арналған негізгі әдістердің бірі болып табылады. Ақпаратты қорғаудың стеганографиялық әдістің басқа әдістерден негізі айырмашылығы жіберуші мен қабылдаушыдан басқа бөлек адам хабарламаның бар екендігін білмейтіндігінде.

Біз жұмыста ең кіші мәнді биттерді алмастыру әдісін қолданамыз. Ол цифрланған бейнесуреттерде немесе аудио және видео файлдарда барлық уақытта да кездесетін дискретизациялық аз қателіктерді пайдалану арқылы жүзеге асады. Берілген аз қателік бейнесуреттің (пиксельдің) элементтерінің түстік құрамының көлемін анықтайтын мәннің ең кіші өлшеміне тең. Сондықтан кіші биттердің модификациясы көп жағдайда бейнесуретті айтарлықтай өзгеріске әкелмейді. Жай көзге байқалмайды және алғашқы шығушы файлдың көлемі де өзгермейді. Видео, графикалық, дыбыстық және басқа типті файлдар қосымша ақпаратты сақтау үшін үлкен мүмкіндіктер береді [4-5]. Қазіргі байланыс құралдарын (компьютерлік желі) пайдалануда күнделікте қолданыстағы

әдістерден олардың артықшылығы орасан зор. Графикалық файлдардың құрылу схемасы 1 суретте көрсетілген.

0	1	2	3	M
1				
2				
N				

Сурет.1. Графикалық файлдардың

құрылу схемасы

Пиксель файлдың өлшемін көрсетеді. Компьютер түрлі-түсті суреттерде түстің әрбір координатын жазып отырады. Пиксельдің әрбір түстік комбинациясы - ол әрқайсысы 1 байттан (әр нүктеге 3-н) орын алатын негізгі үш қызыл, жасыл, және көк түстердің комбинациясы. Сонда 8 биттік бейнесурет 256 түстен тұрады. Әрбір пиксельде 1 немесе 0 орналасқан. Мысалға 10110111 алсақ, мәндерді толық есептеп санасақ бізде 183 шығады. Соңғы бит 1 немесе 0 болса да ол бейнесуретті өзгертпейді. Егер де соңғы битте 0 болса, онда бізде 182 шығады, бірақ бейнесурет өзгермейді. Себебі біз өз ақпаратымызды (хабарламамызды) соңғы (кіші) битке жазамыз. Біздің алгоритм, яғни кіші мәнді биттерді алмастыру компьютерлік стеганография мысалдарының мүмкіндіктерінің бірі. Ақпаратты жасыруға 800 x 600 (орташа өлшемді графика) өлшемді 24 биттік бейнесуретті пайдаландық делік. Ол шамамен жадының біржарым мегабайтын ($800 \times 600 \times 24/8 = 1440000$ байт) алады. Мысалы. Суретке 24 биттік А әрпін жасырайық. Онда 24 биттік суретіміздің схемасы мына түрде болады.

(00100111 11101001 1001000)

(00100111 11001000 11101001)

(11001000 00100111 11101001)

Бұл схема 3 пиксельден тұрады. Енді ең кіші биттің орнына А әрпінің биттерін жазайық.

(00100111 11101000 11001000)

(00100110 11001000 11101000)

(11001000 00100111 11101001)

Егер бір құпиялы ақпаратты сақтау үшін әрбір байттың ең кіші мәнді битін пайдалансақ, онда әр пиксельге 3 биттен аламыз. Ал ақпаратты жасыруымызға арналған бейнесурет сыйымдылығы $-800 \times 600 \times 3/8 = 18000$ байтты құрайды. Бұл кезде биттер кейбір нүктелерде бастапқы бейнесуреттің биттерімен сәйкес келеді, ал қалған бөлігі сәйкес келмейді. Бірақ ең маңыздылығы, мұндай өзгерістерді адам көзінің көруі тәжірибе жүзінде мүмкін емес. Осы жұмыста ақпаратты қорғау әдістерін жүзеге асыру үшін *Borland Delphi 6* программалау тілінде «Stego_T» компьютерлік бағдарламасы құрылды. Бұл компьютерлік бағдарлама жұмыста қарастырғанымыздай қозғалмайтын бейнесуретке мәтінді хабарламаларды жасыруға негізделген.

Әдебиеттер

1. Грибунин В.Г., Оков И.Н., Туринцев И.В. Цифровая стеганография. СОЛОН-Пресс, - 2002 г.
2. Медведев Н.В., Устименко А.С. Исследование методов сокрытия информации в аудиофайлах RIFF// Научно-техническая конференция «Информационная безопасность — 2002»: Сборник докладов. — М.: МГТУ им. Н.Э.Баумана, «КомпьюЛог», - 2002г.
3. Медведев Н.В., Камагин Д.В. Стеганоанализ: возможности применения и их границы (на примере ВРС-стеганографии)// Научно-техническая конференция «Информационная безопасность — 2002»: Сборник докладов. — М.: МГТУ им. Н.Э. Баумана, «КомпьюЛог», - 2002г.

4. Жилкин, М.Ю. Стегоанализ графических данных в различных форматах / М.Ю. Жилкин // Доклады Томского государственного университета систем радиоправления и электроники. – Томск: Изд-во ТУСУР, 2008. – Т. 2(18). – Ч. 1. – С. 63-64.
5. Жилкин, М.Ю. Стегоанализ графических данных на основе методов сжатия / М.Ю. Жилкин // Вестник Сибирского государственного университета телекоммуникаций и информатики. – Новосибирск: Изд-во СибГУТИ, 2008. – Т.2. – С. 62-66.

ӘОЖ 37.091.39: 51

**«Стереометрияның салу есептері»
таңдау курсының оқыту БАРЫСЫНДА компьютерлік ТЕХНОЛОГИЯНЫ қолдану**

Әлиева А.О., Наурызова Н.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В статье приведены цель, задачи, разработанная авторами программа элективного курса «Стереометрические задачи на построения». Показаны способы применения компьютерной среды Cabri 3D в курсе для профильного обучения школьников.

The article presents the goals, objectives, program developed by the authors of the elective course "stereometric construction problems." Shows how to use a computer environment in Cabri 3D special training course for students.

Ключевые слова: *стереометрия, геометрия, фигура.*


Key words: *stereometriya, geometry, pace.*

Курстың негізгі мақсаты - оқушылардың болашақта таңдаған мамандығын жоғары оқу орындарында меңгере алатындығына көз жеткізу және оны еркін игеріп кететіндей негіз қалау, олардың математикалық мәдениетін көтеру.

«Стереометрияның салу есептері» курсының оқып-үйрену терең геометриялық білімді қажет ететін мамандыққа дайындалуды, сондай-ақ математикаға қызығушылық танытқан оқушыларды ғана емес, өздерінің жалпы геометриялық білімдерін көтеріп, практикалық біліктіліктері мен дағдыларын шыңдауды мақсат тұтқан барлық оқушылар үшін де пайдалы. Бұл таңдау курсы оқушылардың математикалық білім алуға деген оң көзарасын қалыптастыруға, дүниенің тұтастығы туралы философиялық қағиданы дұрыс түсінуге, математикалық білімнің әмбебаптығын ұғынуға жағдай жасайды.


Курс мақсатына жетудің негізгі құралдары ретінде түрлі типті есептерді шығару және компьютерлік Cabri 3D ортасын қолдануды орынды деп таптық. Есептерді шығару теорияға негізделеді. Теорияны алдын-ала шығарылып қойылған негізгі, базистік есептер жиынтығы құрайды [1]. Базистік есептерге теоремалар және геометриялық фигуралардың басқа да қасиеттері, конфигурациялары мен конструкцияларын жатқызуға болады. Теоремалар дәлелденуі керек, яғни белгілі немесе бұрын дәлелденген қасиеттерден логикалық талдаулар арқылы қорытылып шығарылуы керек.

Компьютерлік Cabri 3D ортасын қолдану курсы материалдарын көрнекі жеткізу мүмкіндігін береді. Мысалы, 1-суретте Cabri 3D-мен сызылған призма түрлері келтірілген.




1-сурет. а)- үшбұрышты; ә)-тік төртбұрышты; б)- көлбеу бесбұрышты призмалар



2-суретте Cabri 3D-мен сызылған тетраэдрге сырттай сызылған шардың бейнесі келтірілген.



2-сурет. Тетраэдрге сырттай сызылған шар

3-суретте Cabri 3D ортасында сызылған көпжақты айналдыра көру кезіндегі бейнелер мен проекциялар бейнеленген.






3-сурет. Көпжақты айналдыра көру

Көпжақтарға қатысты кейбір салу есептерін қарастырамыз.


1-есеп Бүйір қыры жазықтықпен 60° жасайтын, бүйір қыры 15 см, табаны квадрат болатын және оның қыры 3 см болатын көлбеу призманы салыңыз [2].

Сабгі 3D-мен сызылған бейнесі:




2-есеп. Бір қабырғасы дұрыс төртбұрышты пирамиданың бүйір жағының симметрия сызығы болып келген, екіншісі оның табанымен шектелген тікбұрышты үшбұрышты салу керек.

Сабгі 3D-мен сызылған бейнесі:





3-есеп. Дұрыс төртбұрышты призманың табан ауданы 144 cm^2 , ал биіктігі 14 см. Призманың диагоналін табыңыз.





Берілгені: $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ -дұрыс төртбұрышты призма.

Сабгі 3D-мен сызылған бейнесі:



Есептің берілгенін салу

$\angle B_1 B D = 90^\circ$ жасайтынын
Көрсету



Төбесінен қарағандағы бейнесі

$B_1 B$ биіктігінен қарағандағы бейнесі

$$S_{\text{маб}} = S_{ABCD} = 144 \text{ см}^2, AA_1 = BB_1 = CC_1 = DD_1 = 14 \text{ см}, B_1 D - ?$$


$$\text{Шешуі: } S_{\text{маб}} = S_{ABCD} = a^2 = 144 \text{ см}^2, a = 12 \text{ см}.$$

$$\Delta ABD: BD = \sqrt{AB^2 + AD^2} = 14\sqrt{2}$$

$$\Delta B_1 B D: B_1 D = \sqrt{B_1 B^2 + BD^2} = 22$$

Демек, призманың диагоналі 22 см-ге тең. Жауабы: 22 см.

4-есеп Берілгені: $|MO| = 7 \text{ см}$, $|MC| = 14 \text{ см}$ ABCD тіктөртбұрышының ауданын табыңыз.



Есептің берілгенін Cabгі 3D ортасында көрсетеміз.

Шешуі: $(|OC|)^2 = 14^2 - 7^2 = 120$, $|OC| = 2\sqrt{30}$ см, $|OC| = |OB|$,
 $\angle BOC = 90^\circ$

$(|BC|)^2 = (2\sqrt{30})^2 + (2\sqrt{30})^2 = 240$, $|BC| = 4\sqrt{15}$ см.

$S_{ABCD} = (|BC|)^2 = 240$ см².

Жауабы: $S_{ABCD} = 240$ см².

Осындай тақырыпты ашатын есептер курсты оқытуда көптеп шығарылады.

«Стереометрияның салу есептері» таңдау курсын оқып-үйрену барысында оқушылар мынадай білімдерді тереңдетіп меңгереді:

- Кеңістіктегі салу есептерін елестете отырып салу;
- Кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орындар әдісі;
- Проекциялық сызбада орындалатын салу есептері;
- Геометриялық фигураларды кескіндеу;
- Геометриялық денелерге қима салу.

Бәсекелі қоғамға қабілетті азамат тәрбиелеп және оқытып шығаруда, жас ұрпақтың терең білімді, дарындылық қабілеттерін қалыптастыруда стереометрияны оқушыларға тиімді меңгерту жолдарын қарастырудан осы заманның талаптарына сай, әрі қызықты түрде оқытуды қалыптастыру бағытында теориялық және практикалық жұмыстар жасалынды. Сонымен, стереометрияны оқытуда оқушылардың бейімділігін және қабілетін ескеріп, стереометрия ұғымдарын жүйелі түрде қалыптастыру жолдарының бірі ретінде компьютерлік Cabгі 3D ортасы қолданылды. Оқушылардың бейімділігін және қабілетін ескеріп, математикалық мәдениетті қалыптастыруға, әр оқушының тұлға ретінде зияткерлігін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған есептер топтамасы жинақталды. Оқушыларды практикалық іс-әрекетке дайындық жасаудағы стереометрияны оқып үйренуде үлкен қиындықтар туындататын оқушылардың үш өлшемді фигураларды көз алдына елестету және көпжақтарға қатысты есептерді шығарту жолдары көрсетіліп, әдістемелік ұсыныстар даярланды.

Әдебиеттер

1. Мадияров Н.К. Геометриялық фигураларды кескіндеу. Оқу құралы. – Шымкент.: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, -2010 ж. - 98 б.
2. Сатыбалдиев С.О., Қаңлыбаев Қ. Геометрия әдістерін шешу әдістемесі. – Алматы, 2011ж. – 103 б.

ӘОЖ 681.3

МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫНЫҢ АРХИТЕКТУРАЛАРЫ

Байганова А.М., Марат Г.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

*В этой статье рассматриваются архитектуры базы данных.
In this article discusses of the database architecture.*

Ключевые слова: *базы данных, локальная архитектура, файл-серверная архитектура, клиент-серверная архитектура, компонентная архитектура, интернет архитектура.*

Key words: *database, local architecture, file-server architecture, client-server architecture, component architecture, internet architecture.*

Қазіргі техника мен технологияның дамып, маңызы артқан ХХІ-ғасыр заманында мәліметтер қоры адамзат баласы өмірінің бір бөлшегіне айналып отыр. Ал мәліметтер қоры қазіргі таңда кез келген сферада қолданылып жүргені бәрімізге мәлім. Мәліметтер қоры - белгілі бір арнаулы ауқымға қатысты мәліметтерді баяндау, сақтау мен амал-тәсілдермен ұқсата білудің жалпы принциптерін қарастыратын белгілі бір ережелер бойынша ұйымдастырылған мәліметтердің жиынтығы. Адамның қатысуы ықтимал, автоматтық құралдармен өңдеуге жарамды түрде ұсынылған ақпарат мәліметтер ретінде түсініледі.

Қарапайым мәліметтер қоры мысалы ретінде телефон анықтамалығын, поездар қозғалысы кестесін, кәсіпорын қызметкерлері туралы мәліметтерді, студенттердің сессия тапсыру қорытындылары және т.б. атауға болады.

Электронды мәліметтер қорының басты қасиеті - ақпаратты тез іздестіру мен сұрыптау (іріктеу), сондай-ақ берілген форма бойынша есепті қарапайым түрлендіру (жасау) мүмкіндігі. Мысалы, сынақ кітапшаларының нөмірлері бойынша студенттердің аты-жөндерін оңай айыруға болады немесе жазушының аты-жөні бойынша шығармаларының тізімін жасауға болады.

Мәліметтер қоры – белгілі бір ауқымға қатысты мәліметтерді амал-тәсілдермен ұқсата білудің жалпы принциптерін қарастыратын, компьютердің көмегімен туындайтын ақпараттық құрылым немесе пішін. Қазіргі кезде жергілікті (ADO, dBase, FoxPro, Access, Paradox) және қашықтықтағы (InterBase, Oracle, Sysbase, Infomix, Microsoft SQL Server) мәліметтер қорларын құруға және пайдалануға мүмкіндік беретін көптеген бағдарламалы жүйелер бар.

Мәліметтер қоры қолданатын бағдарламалар өзінің кемшілігі және артықшылығы бар бір архитектураға ие болады.

Жергілікті архитектура. Бағдарламада, мәліметтер қоры да бір компьютерде орналасады, сонымен қатар мұнда көптеген қолданбалы бағдарламалар жұмыс істейді.

Файл-сервер архитектурасы. Мәліметтер қоры күшті компьютер де, сервер де орналасады, ал қолданбалы компьютерлер жергілікті желі арқылы қосылған. Бұл компьютерде клиент бағдарламалары орнатылған. Олар мәліметтер қорымен желі арқылы байланысқан. Мұндай архитектураның артықшылығы - мәліметтер қорымен бірнеше қолданушы жұмыс істей алады, кемшілігі –желімен көп мәліметтер беріледі. Барлық өңдеулер клиент орнында өңделді. Онда мәліметтер қорының көшірмесі құрылады, бұл қолданушының максималды санын шектеуге әкеледі және мәліметтер қорымен жұмыс істегенде көп уақыт кетуге әкеп соғады. Бұл кешіктірулер белгілі кестемен бір мезгілде жұмыс істеу мүмкіндігі жоқтығында. Клиент бағдарламалары осы көптеген жұмысты тоқтатпайынша бұл кестемен басқа қолданушылар жұмыс жасамайды. Бұл кесте деңгейіндегі блоктау деп аталады.

Клиент-серверлік архитектура. Мұндай архитектурада, серверде тек қана мәліметтер қоры сақталмайды, сонымен қатар мәліметтер қорын басқару жүйесі программасы жұмыс істейді. Ол қолданушылардан келген сұранымдарды өңдеп, оларға жазбаларды қайтару үшін қолданылады. Қолданушы программалары тікелей файл серверлік архитектурадағыдай мәліметтер қорымен жұмыс істемейді, ол мәліметтер қорын басқару жүйесіне қарайды, сонымен қатар операцияларды орындайды. Мәліметтер қорын басқару жүйесі мәліметтер қорының дұрыстығын автоматты түрде тексеріп отырады. Клиент-сервер мәліметтер қорын басқару жүйесі алаң және жазба деңгейінде блоктауды жүзеге асыра алады. Бұл кестемен жұмыс істеген жазбаны өзгерту тек біреуінің ғана мүмкіндігі болады, ал кестемен жұмыс істеушілер өте көп болуына болады. Егерде сервер жұмыс істемесе бүкіл жұмыс тоқтайды.

Бөлісетелген архитектура. Желіде бірнеше сервер жұмыс істейді. Мәліметтер қоры кестелері өзара бөлінген, әрбір серверде мәліметтер қорын басқару жүйесінің өз қосымшалары болады. Программа сервері деп аталатын бағдарламасы бар арнайы бағдарламалар қолданылады, олар сұранымдарды оңтайландыруға мүмкіндік береді және желідегі компьютерге күш түсіруді өзара бөліп береді. Егерде берілгендермен интенсивті түрде есептеу керек болса, онда басқа күшті желі компьютерде автоматты түрде іске қосылуына болады, мұны компоненттер деп атайды. Бұл клиенттерге күш түсіруді азайтады, мұндай архитектура-компоненті архитектура деп аталады. Архитектураның кемшілігі-серверлік компоненттерде жоғары қойылуында және құру процесінің қымбаттылығы мен қиындығында.

Интернет архитектурасы. Мәліметтер қорына кіру (бір компьютерде немесе желіде орналасқан) стандартты протокол бойынша браузердің көмегімен іске асырылады. Бұл клиент программасына минимум талап қойылады. Барлық интерфейстер мен протоколдардың интерфейс пен қатынасы стандартталуына байланысты мұндай жүйелерді құру және тарату жеңіл болады. Мысалы, жергілікті желі құрмай интернетке сервер арқылы немесе интернет протоколдарын жергілікті жүйеге қолдануға болады.

Қазіргі кезде ЭЕМ-сы кең тараған кезде құжаттарды электронды түрде өңдеу маңызды мәселелердің бірі. Құжаттармен жұмысты ЭЕМ-де жүргізудің бірнеше артықшылықтары бар:

- Құжаттардың құрылымын оңай өзгерту, өшіру, енгізу, қажет жазбаларды іздеудің қолайлылығы;

- Клиент –сервер технологиясы арқасында мәліметтер құжатын локальды және алыстан басқару мүмкіндігі.

Мәліметтер қоры - қоғамның қандай да бір саласындағы немесе оның бөлігіндегі нақты объектілер туралы мәліметтер жиынтығы. Мәліметтер қорын басқару жүйелері компьютерлік техниканың даму жолдарына байланысты жетілдіріліп, пайдаланушының қойған барлық күрделі деңгейдегі талаптарын орындауға бейімдейді.

Әдебиеттер

1. Купрова Т.А. «Создание программирования баз данных средствами СУБД». – М.: Мир, 1991 ж.
2. Диго С.М. «Проектирование баз данных». Финансы и статистика. – М, 1998 ж.
3. Савельев А. «Создание и использование баз данных». -М, 1991 ж.
4. Голицына О.Л., Максимова Н.В., Попова И.И. «Базы данных». -М, 2003 ж.
5. Хендерсон К. Руководство разработчика баз данных в Delphi 2/Пер. с англ. – К.: «Диалектика». - 2006. –544 с.
6. Когсвелл Д. Изучи сам программирование баз данных в Delphi 2.0...сегодня/Пер с англ. –М.: ООО “Попурри”, 2005 г. -448 с.: ил.

ӘОЖ 681.3

ЖҰМЫС ОРНЫН АВТОМАТТАНДЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Байганова А.М., Есенжолова Г.Н., Байманова С.Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В этой статье говорится о том, как использовать возможности современной вычислительной техники для автоматизации обработки информации, которые позволяют ускорить процессы труда и обмена информацией, повысить эффективность работы с документами. Полностью раскрываются принципы и требования к автоматизированию рабочего места.

This article deals with how to harness the power of modern computing technology to automate the processing of information that can accelerate the process of labor and the exchange of information to increase the effectiveness of work with documents. Fully reveals the principles and requirements for the automation of the workplace.

Ключевые слова: автоматизация, системная, приспособленная, устойчивая, эффективная.

Key words: automation, system, adapted, stable, effective.

Қазіргі заман - технология заманы. Технология заманы болғандықтан ол күнделікті жаңаруды талап етеді. Сондай-ақ көптеген кәсіпорындарды автоматтандырылған жұмыс орнымен қамтамасыз ету өте тиімді. Автоматтандырылған жұмыс орнының қызмет көрсетуі деп компьютерде, ақпаратты өндеуде адам мен машина құрылғысы арасындағы функция мен жүктелімнің дұрыс бөліну шартына байланысты нақты қорытындыны шығарып беруін айтуға болады. Сонда ғана автоматтандырылған жұмыс орнын басқарудың тиімділігін және еңбектің өнімділігін артыратын құрал ғана емес, сондай-ақ мамандардың қолайлы жұмыс жасауына мүмкіндік жасайды.

Әр түрлі басқару объектісінде, олардың атқаратын қызметіне сәйкестендірілген, автоматтандырылған жұмыс орны болуы керек. Бірақ та автоматтандырылған жұмыс орнын құру принципі ортақ болуы қажет. Жұмыс орынын автоматтандыру жалпы мынадай принциптерге сүйенуі қажет:

- ✓ жүйелілік;
- ✓ икемділік ;
- ✓ орнықтылық;
- ✓ тиімділік.

Жүйелілік принципі – құрылымы белгіленген міндетіне сәйкес анықталатын жүйе ретінде қарастырылуы тиіс.

Икемділік принципі – қандайда бір модуль арқылы құрылатын жүйе ішінде барлық жүйелерді қайта құру және олардың элементтерін бір үлгіге салу мүмкіншілігі.

Орнықтылық принципі – жұмыс орнын автоматтандыру жүйесі мүмкін болатын ішкі және сыртқы әсер ететін себептерге байланыссыз негізгі қызметтерді орындау керек.

Тиімділік принципі – жүйені жасауға және оны пайдалануға кеткен шығынға қатысты жұмыс орнын автоматтандыру жоғарыда келтірілген принциптерін іске асуын интегралды түрде қарастыру.

Жұмыс орнын автоматтандыруға қойылатын талаптар төмендегідей:

- мамандардың ақпараттық және есептеу талабын қанағаттандыру;
- автоматтандыру уақытты ұту қажеттілігінен туындайтындықтан қолданушының сұранысына аз уақыт ішінде жауап беру;
- пайдаланушының дайындалу деңгейіне және оның профессионалдық сұранысына байланысты келтіру (адаптация);
- автоматтандырылған жұмыс орнының функцияларын үйренудің қарапайымдылығы, сенімділігі;
- пайдаланушыға байланыс бойынша шыдамдылықты қамтамасыз ету;
- пайдаланушының тез үйренуінің маңыздылығы;
- есептеуіш желі құрамында жұмыс істеуінің маңыздылығы.

Жұмыс орнын автоматтандыру ақпаратты өңдеу уақытын қысқартуға, ақпаратты өңдеуге кететін шығынды азайтуға, қажетті ақпаратты іздеуге кететін уақытты қысқартуға, өңделетін ақпаратты басқару және есепке алу сапасы жақсаруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Горячев А., Шафрин Ю. Практикум по информационным технологиям. - М.: Лаборатория Базовых знаний. -2001г.
2. Ефимова О., Морозов В., Угринович Н. Курс компьютерной технологии с основами информатики. - М.: ООО «Фирма», «Издательство АСТ». - 1999 г.
3. Ляхович В.Ф. Основы информатики. - Р н/ Д: Изд-во «Феникс». - 2000 г.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

УДК.581

ҚАЗАҚСТАН ОРНИТОФАУНАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Сырымбетов С.Т., Туралин Б.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В настоящее время сказывается отрицательное влияние экологического кризиса и антропогенного фактора на видовой состав орнитофауны республики, что требует их реабилитации. Чтобы сохранить видовое разнообразие орнитофауны необходимо изучать биологические особенности птиц нашей республики.

At present the negative impact effect of the ecological crisis and the human impact on the species composition of the avifauna of the republic, and it will require rehabilitation. To save the species diversity of avifauna is necessary to study the biological characteristics of birds of our republic.

Ключевые слова: орнитофауна, миофаги, орнитофаги, ихтиофаги, герпетофаги, некрофаги.

Key words: avifauna, feed birds, feed of rodents, fishes, amphibious, feed a carrion.

Қазіргі кезде экологиялық дағдарыстың және антропогендік факторлардың теріс әсері құстардың түрлік құрамының азаюына әкелуде, сол себептен олардың реабилитациясы қажет. Антропогендік және экологиялық факторлардың теріс әсерінің салдарынан құстардың түрлері азаюда. Құстардың табиғаттағы биоалуантүрлілігін сақтап қалу үшін олардың биологиялық ерекшеліктерін, таралуын зерттеу қажет.

Адамның шаруашылық әрекеттерінде құстардың алуан түрлі және үлкен маңызы бар. Жабайы құстардың - ауыл, орман, балық шаруашылығында, аң аулау кәсібінде және денсаулық сақтауда маңызы зор. Көпшілік құстар егін, бау-бақша, тоғайлы және далалы жердегі өсімдіктердің зиянкестері - омыртқасыз организмдерді қырып, пайдасын тигізеді. Жалпы құстар жан-жануарлардың көптеген түрлерімен қоректенеді. Ұстап жейтін азықтарына байланысты миофагтер (тышқан тәрізді ұсақ кеміргіштермен қоректенетіндер), орнитофагтер (құстарды ұстап жейтіндер), ихтиофагтер (балықпен қоректенетіндер), герпетофагтер (қосмекенділермен қоректенетіндер), некрофагтер немесе сапрофагтер (өлекселермен қоректенетіндер) және полифагтер немесе пантофагтер (әр түрлі жануарлармен қоректенетіндер) деп аталады.

Жер шарында шамамен 8600 түрден құралған құстар класының ішінде жеке отряд болып саналатын күндізгі жыртқыш құстардың 270 түрі бар. Олардың анатомиялық және морфологиялық белгілері бір-біріне ұқсас болғанымен тіршілік ету, әсіресе қоректену ерекшеліктері әр түрлі болып келеді. Сондықтан күндізгі жыртқыш құстар отряды бір-біріне жақын түрлерден топтастырылған екі отряд тармағына бөлінеді. Біріншісіне — 6 түрден құралған, екіншісіне 264 түрлі нағыз жыртқыш құстар жатады. 1962 жылы шыққан көп томдық «Қазақстан құстарының» II томындағы систематика бойынша берілген жүйеде республикамызда кездесетін 37 түрлі күндізгі жыртқыш құстардың 8 түрі сұңқарлар тұқымдасына, 29 түрі қырандар тұқымдасына орналастырылған. Адамның шаруашылық әрекеттерінде құстардың алуан түрлі және үлкен маңызы бар. Жабайы құстардың - ауыл, орман, балық шаруашылығында, аң аулау кәсібінде зор маңызы бар.

Сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар құстар Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген.

Құстардың Қазақстанның Қызыл Кітабындағы (1978, 1991, 1996) келесі санаттары анықталған: 1 санат – жойылып бара жатқандар, жойылып кету қаупі бар түрлер мен түршелер, соның ішінде жойылып кеткендер болуы мүмкін, себебі олар туралы бірнеше жылдар – 50 жылдан астам уақыт бойында ешқандай деректер жоқ. 2 санат – саны азайып бара жатқандар, саны әлі де болса салыстырмалы түрде жоғары, бірақ өте күрт төмендеп, жақын арада жойылып кетушілер санатына қосылатын түрлер). 3 санат – сирек, қазіргі кезде жойылып кету қаупі жоқ, бірақ өте аз кездесетін немесе аймақтары шектеліп табиғи және адам қызметінің әсерінен тіршілік ортасының қолайсыз өзгеру нәтижесінде тез жойылып кететін түрлер. 4 санат – белгісіздер, тіршілігі толық зерттелінбеген, ал саны мен қауымдастық жағдайы алаңдатушылық туғызатын, бірақ мәліметтердің жетіспеушілігінен оларды жоғарыда айтылған санатқа жатқызуға болмайтын түрлер. 5 санат – қалпына келгендер, қорғау жұмыстарын қолға алу нәтижесінде енді қауіп туғызбайтын, бірақ оларды кәсіпшілік пайдалануға болмайтын және қауымдастықтары тұрақты бағдарлауды қажет ететін түрлер.

Құстар жоғарғы сатыдағы омыртқалылардың ұшуға бейімделген ерекше маманданған бұтағы деуге болады. Құстардың ерекшелігі: а) құстардың орталық жүйке системалары жақсы жетілген, сондықтан олар түрлі жағдайларға бейімделіп, мінез-құлықтарын өзгертеді б) денесінде зат алмасу процесінің жылдамдығы мен дене жылуының реттелуінің дұрыс болуына байланысты температурасының жоғары және тұрақты болуына әкеліп соқтырады. в) ауа кеңістігінде ұшу қабілеті көпшілігінің қозғалу, өрмелеу қабілеті жойылмаған. г) көбеюі біршама жетілген (жұмыртқаларының басуы және балапандарын қоректендіруі). Құстардың көрсетілген прогрессивтік белгілері, класстың жастығына қарамай олардың жер шарының алуан түрі тіршілік орталықтарына таралуына мүмкіндік туғызған. Құстар морфологиялық жағынан денесінің қауырсынмен қапталуымен алдыңғы аяқтарының қанатқа айналғандығымен, сүйектерінің ішінде қуыс болуымен, ми сауытының шүйдесіндегі бұдырының болуымен, жүрегінің төрт камералы, оның оң жағында бір ғана орта доғасының болуымен сипатталады.

Қазақстандағы жалпы сандары белгісіз, бұл құстардың көбі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Шөлді дала құстары. Бұл типке жататын құстар өсімдігі аз, әрі сирек ашық даланы мекен етеді. Осы тіршілік жағдайында пайда болған ерекшеліктеріне қарай бұл топқа жататын құстар жүрдек және тез ұшатын құстар деп екіге бөлінеді. Жүрдек құстарға аяқтары ұзын, тез жүгіре алатын ірі құстар жатады. Бұлар қорегін ұшпай, жер бетімен жүріп іздейді. Жүру қабілетінің артуына байланысты, олардың аяқтары ұзын ғана болып қоймай, саусақтары қысқарып, саны үшке дейін, кейбір түрлерінде екіге дейін азайған. Бұлардың мойны ұзын, көзі үлкен келеді. Бұл құстар қырағы, жауын алыстан көріп қашады. Бұлар өте сирек бұғып, жасырынады және сирек ұшады, ал түйеқұстар мүлдем ұшпайды. Бірнешеуі бірігіп топтанып жүреді. Олар өсімдіктерді, ұсақ жәндіктерді жер бетінен шоқып, теріп жейді. Құстардың бұл тобына дуадақтар, түйеқұстар жатады. Тез ұшатын құстарға — шіл және қылқұйрықтар жатады. Дене мөлшері орташа, аяғы қысқа, қанаты өте ұзын, сүйір болатын құстар. Мұның алдында қарастырған құстардан ерекшелігі — қауіп төнгенде жерге бауырын төсеп жата қалады. Түсі өзі тіршілік еткен жердің, түсіндей болады. Тіршілік еткен орнын ауыстырып, су іздеп ұзақ жол жүреді. Өте тез ұшады. Дала қыраны, қыранқара (лат. *Aquila nipalensis*) – сұңқар тәрізділер отрядының қырғилар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Дене тұрқы 60 – 85 см, қанатының ұзындығы 51 – 65 см, салмағы 2,7 – 4,8 кг. Шәулісі (еркегі) ұябасарынан кішірек түсі қара қоңыр, желкесі жирен, тұмсығы қара сұр, тұяғы қара, аяғы сары. Қыранқара ұясын жерге, шың-құзға, сирек те болса ағаш басына салады. [1] 1 – 3 ақ сұр, қара дақты жұмыртқа салып, 40 – 45 күнде балапан шығарады. Балапан баяу жетіледі (60 күнде), оны етпен қоректендіреді. Қыранқараның негізгі қорегі – кемірушілер, саршұнақ, қоян, кейде құс балапаны, бауырымен жорғалаушылар.

Қарлығаш (лат. Hirundinidae) — торғай тәрізділер отряды, әнші торғайлар тобының тұқымдасы. Арктика мен Антарктидадан басқа аймақтарда кеңінен таралған, 20 туысқа бірігетін 79 түрі бар. Қазақстанда 5 түрі (жар қарлығашы, құз Қарлығашы, қосреңді Қарлығаш, секпілтөс Қарлығаш, кент Қарлығашы) кездеседі. Қарлығаштың тұмсығы қысқа, тұмсығының түбі кең, езулерінің арасы алшақ. Қанаттары жіңішке әрі ұзын. Дене бітімі ерекше сымбатты. Саусақтары қысқа, әрі әлсіз, жерде жүруі ебедейсіз.

Қарлығаштың қауырсыны тығыз, жотасы қара түсті жылтыр. Сыртқы түрінен еркегі мен ұрғашысының айырмашылығы байқалмайды. Дене тұрқы 9—23 см, салм. 10—60 г.

Қарлығаш өте жақсы ұшады, тіршілігінің көп уақытын ауада ұшып жүріп өткізеді. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп қорегін ұстап жейді. Дауысы онша қатты емес. Қарлығаш ұясын саз балшықтан сілекейімен араластырып бекем етіп жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне, кейде ағаш басына да салады. Ұясы жарты ай немесе түбі кең, аузы тар құмыра пішінді. Ұясының түбіне қауырсыннан, т.б. заттардан жұмсақ төсеніш жасайды. Ашық ұядағы жұмыртқа қара теңбілді шұбар, жабық ұядағы жұмыртқа ақ түсті болады. Жылына 1, кейде 2 рет 3—7 жұмыртқа салып, балапан басып шығарады. Балапандары қызылшақа болып туады. Қорегі көбіне ұсақ жәндіктер. Ашық күндері биіктеп ұшады да, ауа райы жауын-шашынды болар алдында жер бауырлап ұшады. Сондықтан да қарлығаштың ұшу ерекшелігіне қарап ауа райының өзгерісін алдын-ала болжауға болады.

Әдебиеттер

1. Жұмалиев М.Қ., Бәйімбет Ә.А., Есжанов Б.Е. Құстардың алуантүрлілігі және орнитология негіздері. – Алматы.: Қазақ университеті, 2009ж. -223-230 б.
2. Бәйімбетов Ә. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. - 456 б.
3. Қайымов Қ. Құстар әлемінде. – Алматы.: «Қайнар», 1981. - 47-66 б.
4. «Тургайский заказник подает SOS» //Актюбинский вестник. - №144, 2001 г.
5. «Тургайский заказник – в Красную книгу»// Актюбинский вестник. - №87-88, 2002 г.

УДК 574

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ ҚОРЫҚ ҚОРЫН ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН НЫСАНДАР ЖӘНЕ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Туралин Б.А., Сырымбетов С.Т., Умбеткулова А.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В этой статье говорится о защите природного ресурса Актюбинской области, а также о развитии заповедников.

In this article talked about defence of natural resource of the Aktobe area, and also at reserves development.

Ключевые слова: *заповедники, горы, природные ресурсы, защита.*

Key words: *reserves, mountains, natural resources, defence.*

Ақтөбе облысы – Қазақстандағы ірі өнеркәсіп және ауылшаруашылығы өңірі. Республиканың солтүстік-батыс бөлігінде орналасып, 45° 10' – 50° 20' с.ш. и 53° 35' – 64° 15' в.д. координаттарымен шектелген. Облыстың солтүстігі Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігі – Өзбекстанмен, батысы – Батыс Қазақстан, Атырау

және Маңғыстау, солтүстік-шығысы – Қостанай, шығысы мен оңтүстік-шығысы – Қарағанды және Қызылорда облыстарымен шекаралас. Облыстың шекара бағыттары солтүстіктен оңтүстікке 550, батыстан шығысқа 500 шақырымға созылып жатыр. 2009 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша облыс аумағы 300,6 мың шаршы метр құрайды, халқының саны – 712,1 мың адам. Ақтөбе облысының аумағы Орыс іргесі, Тұран даласы және Орал таулы-қыратты алабы сияқты үш ірі геологиялық құрылым қиылысында орналасқан және тектоникалық, геологиялық құрылымы күрделі. Облыстың орталық бөлігінде Оралтау-Мұғалжар қатпарлы алабы, батысында Ақтөбе иіні мен тұзды арнасы кең Каспий маңы ойпатының шығыс ернеуі, шығысында Торғайдың кең иіні, оңтүстік-шығысында Солтүстік Арал маңының мұраға қалған меридиондық құрылым аймағы орналасқан. Облыс аумағында метаморфикалық протерозойдан бастап қазіргі жауын-шашынға дейінгі жасы мен тұқым генезисіне қарай түрлі қалдықтар сақталған. Қазақстанды геоморфологиялық аудандастыруға сәйкес Ақтөбе облысының аумағы Орал-Ембі денудация үстіртіне, Зауралье мен Мұғалжардың денудация жазығына, Торғай денудация-құрылымдық жазығына, Солтүстік Арал маңы денудация-құрылымдық және бірыңғай жазығына және Үстірт денудация-құрылымдық аймағына жатады. Қазақстанды геоморфологиялық аудандастыруға сәйкес Ақтөбе облысының аумағы мынадай геоморфологиялық аудандарға бөлінген: Орал-Ембі денудациялық үстірті, Заурал және Мұғалжар жазығының эрозиялық-тектоникалық ұсақ шоқылары мен аласа таулары, Торғай құрылымдық-денудациялық төрткіл жазықтығы, Солтүстік Арал маңының құрылымдық-денудациялық және аккумулятивті жазықтығы және Үстірт құрылымдық-денудациялық жоны. Орал тауларының оңтүстіктегі ақыры және Мұғалжар таулары Заурал және Мұғалжар эрозиялық-тектоникалық ұсақ шоқысына және аласа тауларына, денудациялық жазықтығына жатады. Аудан Ор-Елек өзендерінің аралықтарын, Ырғыз өзенінің жоғарғы сағасында Мұғалжар тауларын іргелес жатқан Тұран ойпатының бір бөлігін және Мұғалжардың оңтүстіктегі шалғай жатқан жерлерін қамтиды. Ең биік жері – Үлкен Боқтыбай (657 м) және Айрық (634 м). Батыс Мұғалжардың көтеріңкі бөлігіндегі аласа таулар меридионалдық бағытта созылып жатыр және ерге ұқсас белдермен байланысқан көптеген жүйесіз орналасқан шағын қыраттардан тұрады. Қиыршықтасты және тасты шынды дөңгелек төбелер көп, олардың араларында бірде тар, бірде кең аңғарлар созылып жатады. Бұл жерлердегі суайырық сызығы нашар көрінеді. Таулардың баурайлары көбіне ұсақ сушайған шұңқырлармен және тар арналармен тілімденген, батыс баурайлары анағұрлым тік (15-20° дейін), шығыс жақтағылары анағұрлым еңістеу (10° дейін). Арақидік өзендер мен жылғалардың бойларында биіктігі 2-17 м дейін құлама жарлар кездеседі. Су шайған жерлер көп, олар үлкен емес, тереңдігі шамамен 1 м. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізгеннен қалған тереңдігі 1-2 м шурфтер сақталып қалған. Ор-Ырғыз қырқасы немесе Шығыс Мұғалжар пенеплені – меридионалды созылып жатқан ұлан байтақ жазық-ұсақ шоқылы. Қазақстанның басқа облыстарына қарағанда Ақтөбе облысы табиғи байлықты жоғары қарқынды, масштабты және интенсивті өндіру және тасымалдау кезінде мемлекет тарапынан қорғалатын нысандары мен аумақтары жөнінен саны аз болып табылады. Бүгінгі күні облыс аумағында республикалық маңызда ерекше қорғалатын екі табиғи аумақ бар, олар: Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғат резерваты және Торғай мемлекеттік табиғат заказнигі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы «Мемлекеттік табиғи-қорық қоры нысандарының тізбесін бекіту туралы» Қаулысына (№ 932, 28.09.2006) сәйкес, Ақтөбе облысының аумағында республикалық маңыздағы мемлекеттік табиғи-қорық қорына керемет табиғи су нысандары, қазба байлық учаскелері, енді, олар ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени, құнды геологиялық және геоморфологиялық нысандар болып табылады. ХХІ ғасырдың басында биотүрлілікті сақтау климаттың жылынуымен және озон қабатының тесілуімен бір қатардағы маңызды әлемдік проблемалардың бірі деп танылды.[1] Биотүрлілікті сақтаудың басты мақсаттары: құтқару – экожүйе мен өмір сүретін түрлерді қолдау;

зерттеу – биотүрлілікті түгендеу, зерттеу, мониторинг, рөлін бағалау; тиімді қолдану – облыстықтан халықаралыққа дейінгі түрлі деңгейлердегі биотүрлілікті ұзақ мерзімді, тиімді қолдануды және мәдени, эстетикалық, материалдық және биотүрліліктің табиғи құндылықтарын басқаруды дамыту.[2] Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың бүкіләлемдік желісін құру мақсатында әлемдік қауымдастық эндемиялық, сирек және жойылып бара жатқан түрлерді, бірегей, эталондық учаскелерді және тұтастай алғанда нағыз табиғи экожүйені сақтаудың аса тиімді шаралары танылды. Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың бүкіләлемдік желісін құру мақсаты барлық адамзат үшін және жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейлерде биотүрлілікті қолдау, эстетикалық және мәдени құндылықтарды қорғау жолымен биосфераны ұзақ мерзімге сақтау маңызы өте жоғары болатын табиғи және жартылай табиғи аумақтар жүйесін басқару болып табылады. Сонымен бірге ЕҚТА барлық санаттары қалпына келтірілетін табиғи ресурстарды қайтып алуды бақылайтын орынды қоса отырып, осындай жүйенің құрамдастары ретінде қарастырылады. Жеке қорғалынатын табиғи аумақтар басты мәселе – мекен етудің табиғи ортасын сақтау жолымен биотүрлілікті сақтауды шешеді. Ал өзара байланысты көші-қон және экологиялық дәліздер арқылықорғалынатын аумақтар өңірлік және жаһандық желілерді құрады, олар биотүрлілікті сақтау мен қалпына келтіру мәселесін шешуде басты құрал болып табылады.[3] Қазақстанда аталған мақсаттарға жету жаһандық желінің құрамдас бөлігі ретінде республиканың ерекше қорғалынатын табиғи аумақтарының ғылыми негізделген желісін құру жолымен шешіледі. 1997 жылы Қазақстан 2030 жылға дейін таза ауасы мен мөлдір суы бар, таза әрі жасыл ел болуы және ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың әлемдік желісіне кіруі тиіс деп жариялаған «Қазақстан - 2030» Стратегиясы қабылданды. Осы стратегияны жүзеге асыру үшін және экономиканың қарқынды даму жағдайларында табиғи экологиялық жүйенің биологиялық түрлілігін сақтаудың іс жүзіндегі қажеттілігінің негізінде 2000 жылы «2030 жылға дейінгі Қазақстанның ЕҚТА орналастыру сызбасы» республикалық бағдарламасы әзірленді. Нәтижесінде, ХХІ ғасырдың басында Қазақстанда 109 ЕҚТА, оның ішінде, 10 қорық, 10 ұлттық парк, 3 табиғи резерват, 26 табиғи ескерткіштер, 50 табиғи заказниктер және 5 қорықтық аймақ кіретін ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың мемлекеттік жүйесі өмір сүреді. Тірі табиғатты сақтау үшін заңды тұлға түріндегі жоғары мәртебесі бар ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың – қорықтардың, ұлттық парктердің, республикалық маңыздағы табиғи резерваттардың және жергілікті маңыздағы табиғи парктертердің аса маңызы бар. Табиғатты қорғауда заказниктер, табиғат ескерткіштері және қорықтық аймақтар аз үлес қоспайды. Мемлекеттік деңгейдегі ЕҚТА желісінің жұмыс істеуін мынадай негізгі заңдардан: Экологиялық кодекстен, Жер кодексінен, Су кодексінен, «Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар туралы» заңнан, «Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану туралы» заңнан және бірқатар нормативтік құжаттар мен ережелерден тұратын заңнамалық нормативтік база қамтамасыз етеді. Қорғалынатын аумақтың басқа санаты – ол облыстық бюджеттен құрылатын және қаржыландырылатын жергілікті маңыздағы ЕҚТА. Оларға мемлекеттік өңірлік табиғи парктер, мемлекеттік табиғи ескерткіштер және мемлекеттік табиғи заказниктер жатады. Бүгінгі таңда республикада жергілікті маңыздағы 63: 3 өңірлік табиғи парк, 53 табиғат ескерткіштері және 7 жергілікті маңыздағы заказниктер жұмыс істейді. Республиканың ЕҚТА дамыту бағдарламасын жүзеге асыру практикасы облыстар деңгейінде өз бағдарламалары болуы қажет екенін көрсетті, олар жергілікті бюджеттен қаржыландырылады және табиғатты қорғау жоспарында аса бағалы жерлерді жақын уақытта жедел резервтеуге, сөйтіп, келешекте республикалық қорғалынатын аумақтар желісін кеңейтіге жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Қарқынды шаруашылықтық игеру және жерді белсенді жекешелендіру жағдайларында Ақтөбе облысының әкімдігі облыстың ерекше қорғалынатын табиғи аумақтарын орналастыру және дамыту сызбасын әзірлеу қажеттігі туралы шешім қабылдады. Ақтөбе облысының ерекше

қорғалынатын табиғи аумақтарын орналастыру сызбасын әзірлеу кезінде жобаны орындаушылар мынадай қағидаларды басшылыққа алды: 1.Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар туралы» заңына сәйкес Ақтөбе облысында құрылатын ЕҚТА: «Ерекше қорғалынатын табиғи аумақтар жүйесін – барлық географиялық аймақтардың табиғи кешендеріндегі репрезентативтік өкілеттілікті қамтамасыз ететін түрлі санаттардағы және түрлердегі ерекше қорғалынатын табиғи аумақтардың жиынтығын» құруы тиіс. Сондықтан ЕҚТА құрылымының негізі облыс аумағындағы табиғи ландшафтардың барлық түрлілігі болып табылады. 2.ЕҚТА жоспарланатын желісінде табиғи шарттардың барынша толық географиялық репрезентативтігі. 3.Облыстың ұсынылған ЕҚТА құрылымы осы заманғы аумақты игеруді және облыс пен республиканың экономикалық дамуының перспективалық жоспарларын ескереді. Облыстың ауыл шаруашылығы өндірісіне және пайдалы қазбаларды өндіруге мамандануының нәтижесінде табиғи ортаға аумақтық ықпалы ауыр металлдармен, мұнай өнімдерімен және ауыл шаруашылық ластануымен көрінеді. Облыстың оңтүстік аудандары жер бетіндегі және жер астындағы суағарлардың, гидрогеологиялық және геохимиялық жағдайлары бойынша Арал теңізі бассейніне жататындығынан Арал теңізінің тартылуы нәтижесінде құрғаудың және шөлге айналуының кері салдарларын тартып отыр және экологиялық апат аудандар мәртебесіне ие.

Әдебиеттер

1. Успанова У.У. Краткая характеристика почв и земельных ресурсов Актюбинской обл.- Алма-Ата.: Наука. -1964 г.
2. Черепанов С.К. Сосудистые растения СССР.- Л., 1981 г.
3. Лавренко Е.М. Степи Евразийской степной области, их география, динамика и история.-Л., 1954 г.
4. Атлас Казахской ССР. Том 1. Природные условия и ресурсы – М., 1982 г.
5. Ботаническая география Средней Азии и Казахстана. - С-П., 2003 г.
6. Быков Б.А. Вводный очерк флоры и растительности Казахстана. // Растительный покров Казахстана. - Алма-Ата,1966 г.
7. Актюбинская областная Государственная инспекция историко-культурного наследия, 1996.
8. Гвоздев Е.В. и др. Книга Генетического Фонда фауны Казахской ССР. – Алма-Ата.- Наука. – 1989 г.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 811: 007

КОНЦЕПТОСФЕРА ВРЕМЕНИ В АНГЛИЙСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

Паизбекова А.Д.

Узбекский государственный университет мировых языков (Ташкент, Узбекистан)

Мақалада ағылшын және орыс тілдеріндегі уақыт концептосферасына байланысты полисемантикалық ерекшеліктер талқыланады, мақал-мәтелдердің құрамындағы уақыт мағынасын білдіретін конструкциялардың семантикалық өзгешеліктері айқындалады. This article deals with the problem of conceptual sphere of time in English and Russian languages; polysemantic features of “time” concept has been analyzed and represented in lexical semantic groups within proverbs.

Кілт сөздер: тіл, ағылшын, орыс, ұғым, концептуалды шеңбер, полисемантикалық өзгешеліктер, мақалдар.

Key words: language, english, russian, concept, conceptual sphere, polysemantic features, set expressions, proverbs.

Темпоральная концептосфера представляет собой одну из наиболее значимых концептосфер в сознании носителей разных языков. Концепт времени, наряду с концептом пространства, является одним из основополагающих в системе знаний человека о мире. Вследствие этого легко объяснить неугасающий интерес исследователей к проблемам репрезентации темпоральных концептов в когнитивной лингвистике. Термин «концепт» находит сегодня широкое применение в различных областях лингвистической науки. Он вошел в понятийный аппарат семантики, когнитивной лингвистики, лингвокультурологии и др.

По определению Ю.С. Степанова, концепт - это «как бы сгусток культуры в сознании человека, то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека» [1, 58].

Обратившийся одним из первых в мировой лингвистике к исследованию концептов С.А. Аскольдов (его статья «Концепт и слово» была опубликована еще в 1928 г.) считал, что наиболее существенной функцией концептов как познавательных средств является функция заместительства. «Концепт - есть мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [2, 35].

С давних времен мыслителей разных народов волновали вопросы о понятии времени.

Понятие времени универсально и в каждом языке имеет свое отражение.

Настоящая статья посвящена рассмотрению лексико-семантических особенностей концепта времени в английском (time) и русском языках (время).

В словаре “Oxford Advanced Learner’s Dictionary” английского языка слово “time” определяется как одно из форм существования материи, последовательная смена ее явлений и состояния, а также продолжительность, длительность чего-нибудь, измеряемая секундами, минутами, часами и т.д. [3, 61].

В словаре приводятся следующие дериваты, включающие в себя понятие времени в английском языке: *timely, timeous, timepiece, timer, timeline, timeless* и др.

В отличие от определения в английском словаре слово «время» в «Большой советской энциклопедии» имеет дефиницию основной (наряду с пространством) формой существования материи, заключающейся в закономерной координации сменяющихся друг друга явлений. Оно существует объективно и неразрывно связано с движущейся материей [4, 56].

В «Толковом словаре живого великорусского языка» В.И. Даля приводятся больше по количеству русских дериватов в сравнении с английским языком: *временщик/временщица, временник, временчивый, времемер, времяисчисление, времянка, временной (временная последовательность), временный (временные затруднения), безвременный, вневременный, вовремя, преждевременный, современный, временить* и др. [5, 83].

Концептосфера лексемы “time” характеризуется наличием полисемантических особенностей в различных смысловых контекстах:

1. в значении времяпровождения (leisure). Например:
*to take a **time** of it – хорошо проводить время;*
***time** for reading - свободное время для чтения;*
2. в значении темпа, такта, ритма (tempo, rhythm). Например:
*keep **time** while reading - соблюдай такт во время чтения;*
3. в значении расписания, графика, планирования времени (schedule). Например:
*The train **timed** to leave at 10 o'clock - поезд, который должен отходить по расписанию в 10.00;*
4. в значении поры, эпохи в историческом аспекте (age, era). Например:
*Shakespeare's **time** - Эпоха Шекспира;*
5. в значении срока, продолжительности (duration). Например:
*computer **time** - срок службы компьютера;*
*to do **time** - отбывать тюремный срок;*
6. в значении времени года (season). Например:
*It was very hot for this **time** of the year – было очень жарко для этого времени года.*

В составе устойчивых выражений лексема “time” может приобретать следующие значения:

- *It beats my **time** - это выше моего понимания*
- *Take your **time**! - Неспешите!*
- *To give somebody the **time** of day - Здраваться*
- *So that's the **time** of day! - Такие-то дела!*

Аналогично анализу лексемы “time” рассмотрим концептосферу «время» в русском языке:

- 1) в значении одной из основных - наряду с пространством - форм существования бесконечно развивающейся материи. Например:
*Бесконечность пространства и **времени**;*
- 2) в значении меры длительности всего происходящего, существующего. Например:
*По московскому **времени**;*
- 3) в значении последовательной смены минут, часов, дней и т. п. Например:
22 желтоқсан 1995 жылы өткізілген ҚР Жоғарғы Соты Пленумы моральдық зиянның орнын толтыру туралы заңнаманы дұрыс, әрі бірдей қолдану мақсатында, «Соттардың моральдық зиянның орнын толтыру жөніндегі заңды қолдануы туралы» № 3 нормативтік қаулыны қабылдады. Онда әртүрлі мерзімде күшіне енгізілген бірқатар нормативтік актілермен реттелетін моральдық зиянды өтеу мәселелеріне қатысты сұрақтар және онымен байланысты тараптардың өзара қарым- қатынасын анықтайтын мәселелер және бұл жағдайдағы зиянды өтеу жағдайлары, сонымен қатар моральдық зиянды өтеу институтының қолданылуының өзге де қырлары қарастырылған. Мәселен, қаулының 1-тармағында былай делінген: «Әрбір іс бойынша дауды дұрыс және дер кезінде шешуді қамтамасыз ету мақсатында соттар әр іс бойынша екі жақтың өзара қарым-қатынасының сипатын және олар қандай құқықтық нормалармен реттелетінін, мұндай жағдайда моральдық зиянның орнын толтыру шарттары мен тәртібі көрсетілген заң актісі қашан күшіне енгенін, сондай-ақ моральдық зиян тигізген әрекеттің қашан болғанын анықтап алуға тиіс. Соттар, сонымен бірге, жәбірленушіге жан немесе тән азабын тарттырған фактілердің немен расталатынын, олар қандай жағдайда және нендей әрекеттермен (әрекетсіздікпен) жасалғанын, зиян тигізушінің жазығының мөлшерін, жәбірленушінің қандай жан немесе тән азабын шеккенін, оның өтелуін қандай сомада немесе басқа да материалдық түрде бағалайтынын және дауды нақты шешуге қатысты басқа да жағдайларды анықтап алуы қажет» [5].

Қаулыда моральдық зиянның анықтамасы берілген: «Моральдық зиян дегеніміз - заңды бұза отырып жәбірленушіге жасалған жан немесе тән азабы (қорлау, ашуландыру, ызаландыру, ұятқа қалдыру, торықтыру, тән азабы, кемсіту, қолайсыз жағдайға ұшырату т.б.) болып табылады. Азаматтың тумысынан немесе заңмен бекітілген моральдық игілігі, мүліктік емес және мүліктік құқы (өмірі, денсаулығы, жеке басының абыройы, ішкі

құпиясы, жеке меншігі мен үй-жайына қол сұқтырмау құқы т.б.) заңға қарсы әрекеттің (әрекетсіздіктің) объектілері болуы мүмкін.

ҚР Жоғарғы соты Пленумының аталған қаулысында моральдық зиянның көрінуі мүмкін болатын тізімі берілген. Мәселен, жақын туыстарын өлтіру, мүгедектікке ұшыратқан тән жарақатын салу, бас бостандығынан айыру, жұмыссыз немесе үй-жайсыз қалдыру және т.б. байланысты жан азабы. Бұл тізім қатаң бекітілген деп айту дұрыс емес, себебі жан азабының толық тізімін құру мүмкін емес.

25 маусым 1996 жылы қабылданған «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы соттардың қолдану практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Соты Пленумының № 7 нормативтік қаулысы моральдық зиянның орнын толтыру институтына бірқатар өзгерістер енгізді. Мәселен, қаулының 8 тармағында ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 18-бабын қолдану кезінде соттар құқықты бұзған тұлғаның кінәсіне қарамастан жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау туралы ҚР АҚ-нің 141-бабының 3- тармағын басшылыққа алған жөн деп көрсетілген. Азаматтық кодекс құқықты бұзған тұлғаның кінәсіне қарамастан, жеке мүліктік емес құқықтарды қорғауды қарастырса да, бұл моральдық зиянға қатысты қолданылмаған. Себебі 131-бап тек жалпы ережелерді бекіткен, осыған сәйкес моральдық зиян тұлға кінәлі болған жағдайда ғана өтеледі.

2001 жылы 21 маусымда ҚР Жоғарғы Соты «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңдарды қолдануы туралы» жаңа қаулы қабылдады, оған сәйкес соттар азаматтарға тиесілі жеке мүліктік емес құқықтары мен игіліктерді соттық қорғау және оларға келтірілген моральдық зиянды өтеу құқықтық мемлекет құру және конституциялық құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырудың тиімді тәсілі деп атап көрсетілген. Азаматтық кодекстің 917-бабының 1-тармағына сәйкес моральдық зиянды оны құқыққа қайшы (қасақана немесе абайсыздықтан) жасаған әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс. Моральдық зиянды толық өтеу деп зиян келтіруші тарапынан оның заң актілерінің нормаларының тікелей талабына сәйкес ол іске асыруға міндетті (мысалы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары ол таратқан шындыққа сай келмейтін мәліметтерге түзету жариялауға; Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 44-бабына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізуші орган моральдық зиянның салдарын жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс) немесе жәбірленушінің талабы бойынша сот шешімімен белгіленген ақша нысанында моральдық зиянға өтем жасау сияқты әрекеттерін түсіну қажет.

Азаматтық кодекстің 952-бабына сәйкес, моральдық зиянға тек ақша нысанында өтем жасалатындықтан, ал өтемнің мөлшерін сот анықтайтындықтан өтем мөлшерін анықтау кезінде соттар әділеттілік пен ақылға сыйымды қажеттілікті негізге алуы қажет.

Мүліктік зиянға ақшалай нысанда өтем жасау мөлшері, егер оның мөлшерін анықтау кезінде сот азаматтың мүліктік емес өзіндік құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақтылы мән-жайларды анықтаса және сот анықтаған өтем мөлшері талапкер мәлімдеген талаптардың тиісті мөлшерде қанағаттандырылуы туралы негізді тұжырым жасауға мүмкіндік берсе, ол әділ әрі жеткілікті мөлшерде жасалды деп есептеу қажет.

Моральдық зиян үшін жасалатын өтемнің мөлшерін белгілеу кезінде соттар субъективті баға ретінде жәбірленушіге келтірілген жан азабы мен тән азабының ауырлығын, сондай-ақ осыларды қуәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда: мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтардың (өмірі, денсаулығы, жеке бас бостандығы, жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) өмірлік маңызын; жәбірленушінің басынан кешкен жан немесе тән азабының ауырлығын (бас еркінен айырылу, дене жарақатын түсіру, жақын туыстарынан айырылу, еңбек қабілетін жоғалтуы немесе шектелуі және т.б.); моральдық зиянды өтеу үшін қажет болған кезде зиян келтірушінің кінәсінің нысанын (қасақана ниетпен, абайсыздық) назарға алулары қажет.

«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңның 22-бабында саяси қуғын-сүргін құрбандарына келтірілген зиянды өтеудің ерекшеліктері көзделген. Осы ерекшелік саяси себептер бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға мүліктік және

мүліктік емес зиянның 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бас еркінен айыру орындарында болған әрбір айы үшін ақталушының әлеуметтік қорғау органдарына жүгінген күндегі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрттен үшіндей мөлшерінде өтеуге жататынын білдіреді. Алайда мүліктік және мүліктік емес зиян өтемінің жалпы сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет. Дегенмен, құқық қолдану тәжірибесінде соттардың «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңның 22-бабын сақтамау фактілері орын алатыны байқалады. Мәселен, талапкер ҚР Үкіметіне 1986 жылы 17-18 желтоқсан күндері Жезқазған қаласында демократиялық студенттік жастардың қозғалысына қатысқаны үшін институттан заңсыз шығарылған үшін келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талаппен сотқа жолданған. Астана қаласы Алматы аудандық сотының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен талап қанағаттандырылып, ҚР Қаржы Министрлігінен 300000 (млн) теңге өндірілген. ҚР Жоғарғы Сотының қадағалау алқасында іс қайта қаралып, аудандық сот келесідей қателіктер жіберді деп тапты: саяси қуғын-сүргін құрбандарына ақшалай өтемақы төлеумен байланысты сұрақтарды шешу үшін дербес бағдарлама қарастырылған, оның әкімшілік басқарушысы ретінде ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі белгіленген. Сондықтан тиісті жауапкер ретінде сот осы аталған министрлікті қатыстыруы тиіс еді. Сондай-ақ сот ҚР «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңның 22-бабын басшылыққа ала отырып, онда бекітілген ақшалай өтемақының шекті мерзімі туралы ережені ескермеген. Сол себепті Астана қаласы Алматы аудандық сотының сырттай шешімінің күші жойылып, басқа құрамда жаңадан қарауға жіберілген [6].

ҚР АҚ-нің 931-бабы бойынша, жоғары қауіптілік көзі келтірген моральдық зиян үшін өтем өндіру туралы азаматтардың талаптарын қараған кезде соттар, егер осы зиянның жойқын күштің немесе жәбірленушінің қасақана ниетінің салдарынан не жоғары қауіптілік көзінің зиян келтірушінің құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде оның ырқынан шығып кетуіне байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзі иесінің моральдық зиян үшін ақша нысанында өтем жасауға тиіс.

Жоғары қауіптілік көзін иеленген адамдар құқыққа қайшы әрекеттерімен жәбірленушіге мүліктік зиян келтірген жағдайда, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндеттерді осындай зиянды келтірген адамдар тікелей өздері көтереді. Егер жоғары қауіптілік көзі оның иесінің кінәсі болған кезде де құқыққа сай иеліктен шықса, онда мүліктік зиян үшін жауапкершілік үлес тәртібімен зиян келтірушінің тікелей өзіне, сондай-ақ жоғары қауіптілік көзінің иесіне жүктеледі.

Моральдық зиянды өндіру туралы сот тәжірибесіне талдау жүргізу нәтижесінде соттардың ҚР АҚ-нің 931-бабының 2-бөлімін қате қолдану фактісі анықталып, бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың тараптардың арасындағы қатынастар мен оларды реттейтін заңдарды анықтауда қателіктер жіберетініне ҚР Жоғарғы Соты назар аударған. Мәселен, ҚР Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының «Емделуге, жоғалтқан табысына шығындарды және моральдық зиянды өтеу туралы» 14 мамыр 2008 жылғы № 4 гп-111-08 қаулысында жолаушылар пойызы мен «Л» - «КЭЛД» АҚ филиалының локомотивтік бригадасымен соқтығысуы нәтижесінде талапкер В.-ның денсаулығына зардап келтірілген. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2007 жылғы 18 мамырдағы шешімі бойынша, сот құқықтық қатынастарды дұрыс анықтамаған және ҚР 707-бабына ҚР «Темір жол көлігі туралы» заңының 75-бабына дұрыс түсінік бермеген. Бұл баптардың мәнісінде келтірілген зиян ҚР АҚ-нің 47-бабы қолданыла отырып тасымалдаушымен өтелуі тиіс. Сондықтан сот зиянды өтеуге қатысты даулы қатынастарға ҚР АҚ-нің 931-бабының 2-бөлімін қате қолданғаны белгілі болды. Аудандық сот талапкерді тиісті емес жауапкерге – «Жолаушылар тасымалы» АҚ талап қойған деп танып, талапты қанағаттандырмаған, тиісті жауапкер – жоғары қауіпті қайнар көздің иесі «Л» АҚ –на жолдануды нұсқаған. Бірақ ҚР Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы талапкер жоғары қауіпті қайнар көз - «Л» АҚ-мен ешқандай құқықтық қатынас болған емес деген

қорытындыға келеді, сол себепті Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының шешімінің күші жойылып, істі аталған сотқа басқа құрамда жаңадан қарауға жіберілген [7].

ҚР АҚ-нің 951-бабының 1-бөлігіне сәйкес, моральдық зиян дегеніміз жеке және заңды тұлғалардың өзіндік мүлктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айрылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген жан азабы мен тән азабы.

Жалпы ереже бойынша моральдық зиян, азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян жоғары қауіптілік көзінен келтірілген жағдайларды қоспағанда, зиян келтірушінің кінәсі болған жағдайда өтеледі (ҚР АҚ-нің 951-баптың 2- бөлімі).

Талапкер моральдық зиянның кез келген мөлшерін талап ете алады, бұл ретте заңда ешқандай шектеулер көрсетілмеген. Өтемақының нақты мөлшерін АҚ-тің 952-бабының 2-бөлігіндегі ережелерді ескере отырып, сот белгілейді. Атап айтқанда, моральдық зиянның мөлшері анықталған кезде жәбірленушіге келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті түрде бағалау да, сондай-ақ жәбірленушінің жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де: қол сұғу объектісі болған игіліктің өмірлік маңыздылығы, құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы, жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары, денсаулығы, жасы мен өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан келтірілген моральдық зиян ҚР Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс (321-баптың 6-тармағы).

ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 9 «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» қаулысының 9-т. сәйкес, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар адамдардың шеңбері белгіленген. Атап айтқанда, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу құқығына кәсіби еңбек қабілеттілігін, ал ондай болмаған жағдайда жалпы еңбекке қабілеттілігін толық не ішінара жоғалтқан зардап шегушілер ие болатыны соттарға түсіндірілген. Егер 14 жасқа толмаған және еңбекақысы жоқ адамның денсаулығына зақым келсе немесе денсаулығы өзгеше бұзылса, онда шығындар өтелуге тиіс. Жәбірленуші (асыраушы) қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған адамның асырауындағы еңбекке қабілетсіз адамдар немесе ол қайтыс болған кезде оның асырауында болу құқығына ие адамдар, сондай-ақ ол қайтыс болғаннан кейін туған оның баласы зиянды өтеуге құқылы [8].

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, егер зиян еңбек қабілеттілігін уақытша жоғалтуға әкеп соқтырса және кәсіби немесе жалпы еңбек қабілеттілігін жоғалту ұзақ уақытқа созылмаса, денсаулықтарына келтірілген осындай экологиялық зиянды өтеуге құқық берілмейді.

Сонымен, егер ластайтын заттар көп мөлшерде тасталып, адамдар жаппай уланса, бірақ олардың денсаулығына келтірілген зиян қайтарымды сипатта болып, еңбек қабілеттілігін табанды жоғалтуға әкелмесе, онда құқық бұзушыны тек моральдық зиянды өтеу туралы талап арызбен жауапкершілікке тартуға болады.

Сот тәжірибесінде заңсыз жұмыстан шығару, басқа жұмысқа ауыстыру, жалақыны төлемеу, мертігуі, кәсіби ауыруы және т.б. байланысты жұмысшыға келтірілген жан мен тән азаптарын өтеу туралы істер жиі қаралады. Солардың бірінде, мәселен, ҚР Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы талапкер Ш, теріс қылығы мәлім болған сәттен бастап бір ай мерзім өткен соң, іс сапарға жіберілген кезеңде жұмыстан шығарылғанын анықтады [9].

Мұндай мән-жайлар сот актілерін заңды деп есептеуге негіз болмайды.

Сонымен, моральдық зиянды өтеу мөлшерін судьялардың нақты анықтауы үшін, біздің пікірімізше, мамандардың (психолог, психиатр, сарапшы т.б.) міндетті қатысуымен, олардың заң талаптарына сай ресми қорытындылары негізінде анықталуы тиіс. Бұл, мүмкіндігінше, сот тәжірибесінде моральдық зиянды өтеу мөлшерін объективті және дәл анықтауға, жәбірленушілердің зиян мөлшері туралы күмәндарын жоюға және сот шешімдеріне берілетін шағымдардың санын азайтуға мүмкіндік берер еді.

Әдебиеттер

1. Резник Г. Неимущественный иск не подлежит обеспечению имуществом арестом // Российская юстиция. –1994 . - № 6. – С. 5-11.
2. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. В 2-х томах. Т.2. Особенная часть. Учебник. – Алматы: КазГЮУ, 2001. – С.468 .
3. Падва Г., Короткова Н. Обеспечение исков, вытекающих из личных имущественных отношений // Российская юстиция. – 1994. - № 3. – С. 43-45.
4. ҚР Жоғарғы Сотының «Азамат пен заңды тұлғалардың ар-намысын, абыройын және іскерлік беделін қорғау туралы заңнаманы соттардың қолдану тәжірибесі туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысы // ИС «Параграф», 2014.
5. ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянның орнын толтыру жөніндегі заңды қолдануы туралы» 1995 жылғы 22 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысы // ИС «Параграф», 2014.
6. Постановление Надзорной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан № 4 гп-89-08. -Астана, 16 апреля 2008 года // ИС «Параграф» АЖ, 2014.
7. «О взыскании расходов на лечение, утраченного дохода и возмещении морального вреда». Извлечение из постановления надзорной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан от 14 мая 2008 года № 4гп-111-08 // Бюллетень Верховного Суда РК – 2008. - № 6.
8. ҚР Жоғарғы Соты Пленумының «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі № 9 қаулысы // «Параграф» АЖ, 2011.
9. Постановление Надзорной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан № 4гп-274-08. Астана, 1 октября 2008 года // ИС «Параграф», 2014.

ӘОЖ 562.1

ЖЕР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Мұхтарова С.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

*В статье говорится о земельном законодательстве Республики Казахстан.
In the article talked about the land legislation of Republic of Kazakhstan.*

Ключевые слова: *земля, закон, ресурсы, история.*
Key words: *earth, law, resources, history.*

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы бүкіл республикалық референдумда қабылданған Конституцияға сәйкес жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін деп жарияланды [1,6].

1995 жылы 30 тамызда егеменді Қазақстан Конституцияны қабылдады. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылысының іргелі принциптері бекітілді. Тәуелсіздікті алмастан бұрын ата-бабаларымыз мыңдаған жерлерді мекендеп, жердің құнарлығына аса мән берді. Қарапайым халық үшін жайылымды жерлерге мұқтаж

болғандықтан, әр маусымда көшіп қонуды әдетке айналдырды. Қазақстан аумағындағы жер қатынастарының тарихын зерттеу бұл ежелгі тарихтан зерттеуді талап етеді. Қазақстандағы жер қатынастарының тарихы Шығыстың түркі халықтарының қоғамы мен мемлекеттілігінің ерекшеліктерін, қоғамның өндірістік күштерінің сипатын ескере отырып, жүйелі тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Жер тайпаның, халықтың, мемлекеттің тіршілігінің негізі және олардың шаруашылық қызметінің материалдық базасы болды. Ол мал және басқа да мүлік сияқты адам өмірінде аса маңызды мәнге ие болды. Кейбір жағдайларда жер мал мен мүлікке қарағанда құндырақ болатын. Тайпалар, халықтар, мемлекеттер арасындағы соғыстардың басым көпшілігінің белгілі бір жердегі, аумақтағы билік үшін болуы да бекер емес. Аумақ ретінде пайдаланылатын жерді «туған ел» деп, ал шаруашылық қызмет үшін пайдаланылатын жерді шаруашылықтың бір бөлігі деп санаған. Жерге меншік құқығы оны пайдалану құқығы ретінде қарастырылған [2,29]. Ата-бабамыз жерді табиғи ресурс емес, сонымен қатар, пайдалану негізінде аумақтық бөліністерге де бөліне бастады. Осылай, біздің ойымызша жер қатынастарының тарихының түсінігі біріншіден, жер шаруашылық қызмет міндетін атқарса, яғни әртүрлі шаруашылық қызмет түрі негізінде пайдалануды қамтамасыз етеді және екіншіден, жерді халық өз қалаулары бойынша аумақтық бөліністерге бөліп өз аймақтары есебінде пайдаланды. Кейіннен ол аймақтар тұрғылықты жерге ауысып, жерге меншік құқығы туындады.

Жер мәселелері әр кезеңде Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттердің барлығы үшін негізгі мәселеге айналып отырды. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Қазақстан аумағын да мекендеген мемлекеттердің негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Соның салдарынан жайылым жерлерге мұқтаж болған мал өсірушілер шалғай жерлерге көшіп-қонып жүруге мәжбүр болды. Қоғамдық қатынастардың даму сатыларының қай-қайсысын алсақ та, жер қорларын пайдалану белгілі аумақтағы климаттық жағдайларға және материалды өндірістің бағытына байланысты болады. Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы материалдық өндіріс жүйесінің негізгі бағыттарының сипатын анықтады. Сондықтан мындаған жылдар бойы Қазақстан аумағын мекендеген елдер үшін шаруашылықтың негізгі саласы - көшпелі мал шаруашылығы болып саналады. Мал өсіру үшін жайылым жер іздеу негізгі проблемалардың біріне айналып отырды [3,35]. Қазақ тарихында дәстүрлі шаруашылықтың негізгі түрі ретінде бұл мал шаруашылығы болып табылады. Себебі, мұнда тікелей жермен байланысты шаруашылық үшін халық жер қорларын тиімді пайдалануды жөн көрді.

Біріншіден, маусым сайын жайылымды жерлерге көшпестен амал болмады. Себебі мал өсіру үшін жайылымды жерлерді іздеп қоныстанды.

Екіншіден, халық күнделікті азық-түліктің бір түрі ретінде төрт-түлік мал болды. Көшпелі қазақ үшін жайылымды жерге көшу тиімді болатын, себебі, шаруашылықтың бір түрі ретінде мал бағумен шұғылданған халыққа жайылымды жерден артық жер болмады. Қазіргі таңда А.Е.Ереновтың «Очерки по истории феодальных земельных отношении» монографиялық еңбегі ерекше назарды тудырады. Себебі, мұнда автор, әділетті түрде, тарихтағы, басқа мәселелер сияқты көшпелі қазақтардың феодалдық қатынастарының негізі – жерге меншік екеніне күмән тудырып, ол мәселенің әлі де болса шешілмегенін ашық жазды[4]. Біздің ойымызша А.Е.Еренов бұл монографиялық еңбегінде қазақ халқының жерге меншік мәселесінің толықтай шешілмегенін және халық үшін негізгі табиғи байлық көзі болғандықтан, оны пайдалануға байланысты мәселелерді және меншіктің болмау себебі де көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономикалық қатынастарымен байланыстырылды.

Қазақстанның табиғи климаттық жағдайлары материалдық өндірістің, шаруашылық жұмыстарының жүйесі, қазақтардың көшпелі қоғамының экономикалық потенциалына әсер етпей қоймады. Дәл осының есебінен, шөл, жартылай шөлейт, далалы аумақтарда, яғни Қазақстанның 90% территориясында үш мың жылдықтардан астам кезеңде басты шаруашылықтың түрі көшпелі мал шаруашылығы болды. Ол көбінесе қоршаған ортаның

талаптарына сай болды. Жайылымдарға байланысты территориялар, табиғат кезеңдеріне бағына отырып – қысқы жерлер – қыстау, жазғы жерлер – жайлау, көктемі – көктеу, күзгі – күзеу деп аталған [5,31]. Қазақ халқы үшін жер бөліктерін маусымды түрде пайдалану бұл мал шаруашылығымен шұғылданған халық үшін жайылымды жерлерге ауысып тұруға тура келді.

Ғалым С.З. Зимановтың пікірінше, адамзат қоғамының дамуы бүкіл қоғам тек қана мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір сүріп жер өңдеу мәдениетімен айналыспаған тарихи дәуірді білмейді. Тарихи мәліметтерге қарағанда, тіпті нағыз көшпелі халықтар да белгілі бір дәрежеде ұдайы немесе ішінара жер өңдеу мен шұғылданған, әрі отырықшы, жартылай отырықшы өмір сүріп, отырықшы халықтармен тығыз қарым-қатынаста болып келген[6]. Біз автордың пікіріне қосыламыз, себебі қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығымен айналасу барысында табиғаттың төрт кезеңде көшіп-қонып жүрген көшпелі қауымдар үшін мындаған жерді бөлу қажеті де болмаған.

Қазақ хандығы тұсындағы меншіктік қатынастарға келетін болсақ, азаматтардың сатуға, айырбастауға, сыйлауға және мұраға қалдыруға болатын мүліктің барлығы жеке меншік заттары болып табылды.

Жерге жеке меншік ХІХ ғасырға дейін болмады, жер әдет-ғұрып нормалары бойынша қауымның меншігі деп есептелді. Қауым ретінде негізінен рулық бірлестік танылды. Қазақ қоғамының тарихына көз жүгіртсек, шын мәнінде мұнда жерге меншік болмағандығын, жер пайдалану рулық, қауымдық негізде жүзеге асқандығын көреміз. Сол себептен де, жер қазақ халқының бөлінбейтін меншігі саналған. Ендеше, уақыт өте келе халқымыздың жерді, о бастан қоғамдық меншікте тұрақты пайдаланып келгеніне дау жоқ. Ата-баба дәстүрінде жерді сату деген болған емес. Бұл жеріміз иесіз болды деген түсінікті тудырмасы анық. Баяғы замандардан бері бабаларымыз тоқымдай жер үшін жан беруге дейін барып, ұлан-ғайыр аумақты тұтас қорғап, ұрпақтарына мұра етіп қалдырған. Тарих қойнауынан сыр шертетін Қасым ханның (1511- 1520) «Қасқа жолы», Есім ханның (1598-1628) «Ескі жолы», Тәуке хан тұсындағы (1680-1718) «Жеті жарғы» әдет-ғұрып құқықтық нормаларында жер жалпы халықтық пайдалану меншігінің объектісі ретінде танылып, қоғамдық қатынаста туындайтын әрбір жер дауы ел ішінде ерекше мүдделілік пен назарға ілігіп отырды [7,36]. Көшпелі қазақ халқы үшін шын мәнін де жерге деген жеке меншіктің болуына аса мұқтаж болған жоқ. Ата-бабаларымыз өмір сүріп жатқан жерлерін кейінгі ұрпақта өмір сүреді деп насихаттаған. Халық арасында жер дауына байланысты мәселелерді әдет-ғұрып нормалары арқылы реттелетін болды.

Зерттеуші ғалым З.Кенжалиев көшпенді қазақ қоғамының әдет-ғұрып құқығын жүйелі түрде зерттеп жерді пайдаланудың ел бірлігі халық тыныштығы және тұтастығы ретінде мызғымас тіректер төңірегінде ғана іске асуы керектігін көшпелілердің жер қатынастарын реттейтін құқықтық нормаларында халықты жерді иемдену мен билік ету және пайдалану саласында халық еркіндігіне байланысты деп есептейді. Оның ойынша хан мен халық арасында жерді пайдалануда туындайтын құқықтық қатынастар императивтік тұрғыдан болды, өйткені хан халықтың рұқсатынсыз және қалауынсыз оның еркіндігін шектей алмады керісінше ол халық еркіндігін жаашыры әрі қамқоры болды [8]. Біз ғалым З.Кенжалиев пікіріне қосыламыз себебі, қазақ халқының ханы мен халықтың арасында орнаған жер қатынастары бір-бірімен тәуелді болды, себебі, хан жер даулары бойынша жоғарыда аталған құқықтық нормалар арқылы шешіліп отырды.

Профессор С.Л.Фукстің пікірі бойынша қазақтарда ХVІІІ ғасырға дейін жерге феодалдық меншіктің болмағанын бірқатар көшпенділерде феодалдық эксплуатацияның негізі ретінде малға деген жеке меншіктің болуын ғана айтады [9]. Біздің ойымызша, қазақ халқының негізгі саласы - көшпелі мал шаруашылығы болып саналады, сол себепті де жер бөліктерін маусымды түрде пайдалану мал шаруашылығымен айналысуда жайылымды жерлерге мұқтаж болған мал өсірушілер шалғай жерлерге көшіп-қонып жүруге мәжбүр болды.

Қазақ жерінің патшалық Ресейге қосылуымен байланысты үкімет бұл жерлерді Ресей мемлекетінің меншігі ретінде жариялады. Қазақ билердің, мемлекет басшыларының жер меншігі жойылды. Қазақ ауылдарындағы жер қатынастарын реттеудің әдет құқығы нормаларына негізделген тәртібі кейбір шектеулермен сақталды. Жер қатынастарын реттеуде біршама өзгерістер орын алды, меншік пен жер пайдаланудың жаңа нысандары пайда болды. Жергілікті халық тұратын жерлер мемлекеттік деп танылып, оларға қоғамдық пайдалануға берілді. Ресей казак әскерлері мен басқа да отарлау элементтеріне арналған жерлер үшін ерекше құқықтық режимді бекітті. Осы мақсатта қазақтардан тартып алынған ең жақсы жерлерде казак әскерлері мен Ресейден көшіп келген халық орналастырылды. Жергілікті халықтың көптеген миллион жерлері тартып алынды, бұл халық үшін орны толмайтындай зияндар туғызды. Жергілікті халықтың пайдалануында жер өңдеу үшін ғана емес, тіпті, кейде мал жаюға да жарамсызды және құмды жерлер, қамысты жерлер мен тау етегіндегі жерлер қалды. Қазақстандағы Ресей үкіметімен бекітілген жерлердің құқықтық режимі Ресейдің өз жерлерінің құқықтық режимінен ешбір айырмашылығы болмады. Жер реформасы Ресей мемлекетімен бекітілген жер құрылымына сәйкес жүргізілді [10,35]. Ресей үкіметінің үстемдік еткен кезеңдері қазақ халқы үшін өте ауыр кезең, сонымен қатар, барлық жайылымды жерлер Ресей үкіметіне тапсырылып, ал қазақ халқы үшін құнарсыз жерлерге көшуден басқа амалдары қалмады. Осылайша, қазақ жерінің Ресей патшалығына қосылу барысында өз мақсаттарын толық түрде орындаудан бас тартқан жоқ. Өйткені, Ресей үкіметі қазақ жұртымен санасқан жоқ. Құнарлы жерлерде айырылған жұрт қолындағы малдарына дейін Ресей үкіметіне тапсырды.

Өткен ғасырлар бойы жер заңнамасының даму тарихы кезең кезеңмен қарастыруға болады. Жер реформасының басты мақсаты – жер телімдерінің меншік иелерімен жер пайдаланушылардың құқықтық жағдайларын қалыптастырып, оны қорғайтын жер заңнамасын жетілдіру болды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз. - Астана, 2010. -6-бап.
2. Стамкулов А.С., Стамкулова Г.А. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы бөлім. Оқу құралы. – Алматы.: Заң әдебиеті.- 2006 г. – 29 б.
3. Еркінбаева Л.Қ., Айғарин Г.Т. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім. Оқу құралы – Алматы.- «Жеті жарғы»- 2010ж.-35 б.
4. Еренов А.Е. Очерки по истории феодальных земельных отношений у казахов. -Алма-Ата.: изд. НАН КазССР.- 1961г. -158 б.
5. Сопыханова А.Б. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Оқу құралы. – Қарағанды, 2004. – 31 бет.
6. Зиманов С.З. Общественный строй казахов в первой половине XIX века. -Алма-Ата.: АН КазССР, 1958ж. - 296 б.
7. Еркінбаева Л.Қ., Айғарин Г.Т. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім. Оқу құралы. – Алматы.- «Жеті жарғы».- 2010ж.-36 б.
8. Кенжалиев З.Ж. дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқық мәдениеті. Дис.заң.ғыл.докт. - Алматы, 1997 ж.
9. Фукс С.Л. Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в/под.общ.ред. С.Ф.Ударцева и Н.О.Дулатбекова. – Астана, 2008 ж. – 816 б.
10. Стамкулов А.С., Стамкулова Г.А. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы бөлім. Оқу құралы. – Алматы.: Заң әдебиеті.- 2006 ж. – 35 бет.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ**

ӘОЖ 330.1

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дәрішев М.М., Тұрғанбаев М.Ә., Жиенбаев Ұ.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются проблемы и пути совершенствования методики подготовки специалистов, анализируется опыт обучения студентов в высшем учебном заведении.

In article are considered problems and way of the improvement of the methods of preparation specialist, is analyzed experience of the education student in the high educational institutions.

Ключевые слова: *рынок, реформа, интеллектуальная образования, гибкость, диагностика, экспертиза, инновация, коммуникация, информационный век.*

Key words: *market, reform, intellectual educations, flexibility, diagnostics, examination, innovation, communication, informative century.*

Бұдан бірнеше жыл ғана бұрын біздер нарық, нарықтық қатынастар жайында түсінігіміз өте таяз болғанын білеміз. Соған қарамастан біздер әлі де құпия, беймәлім нарықтық экономикаға бет бұрдық. Осы салыстырмалы аз уақыт ішінде адамдардың сана сезімі өзгеріп, нарықтық экономикаға деген бейімділігі артты. Бүгінде әр адам өз болашағына нық сезіммен қарайды, нарықтық қатынастар оны экономикадағы әр құбылысқа сын көзбен қарауға үйретті десе де болады.

Нарықтық қатынастар білім саласына да өз әсерін тигізбей қоймады. Білім саласында реформа жүргізу дегеніміз - еліміздің әлеуметтік-экономикалық сұранысына сай, соған сәйкестендірілген мамандарды сан мен сапасына ден қоя отырып дайындау деген сөз. Бүгінгі заманның талабына сай мамандарды даярлау ісіне жаңа міндеттер қойылып, ендігі жерде бәсекеге қабілетті маман мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- диагностика, талдау, инновацияға және оқып-үйренуге бейімі жоғары интеллектуалды (немесе академиялық) білімінің бар болуы;

- әлеуметтік жағынан және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа икемділігі, оған қоса коммуникациялық, әртүрлі мәселелердің шешімін таба білуі және топ ішінде (командамен) жұмыс жасай білуі, әртүрлі мәселелерге жағымсыз мінез-құлық көрсетпей, оң көзбен қарап, шешім таба білетін қабілеттілігімен және жауапкершілікті өзіне ала отырып, қабілеттіне қарап басқаларға тапсырма жүктеп бере білуі;

- іскерлік және кәсіпкерлік машығының болуы. Оған мынаны қосыңыз - әр іске іскерлікті дамыта және инновацияға жүгіне отырып қарау, істің мүмкіндіктерін анықтап, оны жасай білудегі қабілеттілік. Өтіп жатқан процестерді түсіну қабілеті, тәуекелге бел буып, барлық жауапкершілікті өзіне ала білуі, оның ішінде өз-өзіне жұмыс таба білуі;

- алуан түрлі техникалық дағдылығы (шеберлік, икем).

Білім, оның ішінде экономикалық білім - бәсекеге қабілеттіліктің басты шарты болып табылады. Ол, әртүрлі саладағы білімді біріктіре білу қабілеттілігіне және де оны іс жүзінде іске асыру шеберлігі мен икемділікке байланысты.

Қазақстан Республикасының білім туралы заңында білім жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және тәжірибе табыстарының негізінде әр адамның мүмкіндіктерін дамыта отырып, кәсіби қалыптасуға бағытталған білім алу үшін керекті жағдай жасау болып табылады деп белгіленген.

Ғалымдардың басым бөлігі ақпараттық ғасырдың білікті адамы білмегенін қай жерден және қалай табу керек екендігін білетін адам болуы керек деп есептейді [1]. Мұндай шеберлікке әр ЖОО-ның бітірушісіне үйрету мүмкіндігі бар және де үйрету керек, немесе, осыған бағытталған әдейі мамандар даярлау қажет. Мамандарды әзірлеуі үдерісі ЖОО-ның меншік түріне қарамастан жекеше дайындау принципіне жүгіне отырып, осы қағиданы қатаң сақтауы тиіс. Бұл ретте «неғұрлым көп және әртүрлі саладан білім алған сайын сол жақсы» деген қағидадан бас тарту қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда мамандардың жаңа буыны келу керектігі бесенеден анық десе де болады. Олар, қазіргі компьютерлік технологияларды түсініп, осы саладағы соңғы жаңалықтардан хабардар болуы тиіс. Сонымен бірге олар жоғарғы математикадағы, экономикадағы, юриспруденциядағы, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы категорияларымен ойлап, банктік, салық, кеден ісі мен бухгалтерлік іспен қатар ең кемінде бір немесе екі тіл меңгергені абзал [2].

Біз өмір сүріп жатқан кезең білімнің бір жерде тұрақтамай, дамып отырғанын талап етеді. Осыған байланысты жоғарғы оқу орындарының білім берудегі әс-әрекеттерін жаңа сапалық деңгейге көтеру мәселесі туындайды. Бұл жерде білім беру саласы теория мен практиканы ұштастыра отырып, теорияға тәжірибенің кірігуіне көп мән береді.

Оқытудағы тәсілдер

	Дәстүрлі жол	Бастамашыл, талапкерлік жол
1	Мазмұнға назар аударып отыру	Оқыту үрдісіне назар аудару
2	Басты рольді оқытушы атқарады	Оқытушы оқу процесіндегі серіктес, көмекші
3	Эксперт ретінд ғана білім береді	Оқушылар оқу процесіне түелемен қатысып отырады
4	«Не екенін білу» қағидасына жүгіну	«Не екенін білу» және «Қалай екенін білу» қағидасына жүгіну
5	Қатысушылар талапсыздана отырып білім алып отырады	Қатысушылар білімді өздері өндіреді
6	Сессиялар мұқият жоспарланады	Сессиялар әркімнің қажеттілігіне қарай және бірқалыпты емес түрде өтеді (жасалады)
7	Оқудың мақсаты «жоғарыдан түседі»	Оқудың мақсаты келіссөз арқылы анықталады
8	Қателерге «жоғарыдан төмен қарап» қарайды	Қатеден сабақ алады
9	Теорияға бас назар аудару	Тәжрибе негізіне бас назар аудару
10	Пәнге назар аудару (функционалдық жағы)	Проблемаға баса назар аудару (пәнаралық сұрақтар)

Біздің педагогтық ұжымымыздың жұмысындағы басым бағыттардың ішінде облыстағы және қаладағы алдыңғы қатарлы кәсіпорындар мен фирмалармен байланыстарды нығайту ісі маңызды орын алады. Аталмыш шаруашылықтардың іс-әрекеттерін сипаттау оқытушылардың дәрістеріндегі нақты көрсеткіштер арқылы бұл бағыттағы жұмысымыздың мақсаттарына жетуіне жол ашып отырады.

Оқытушылардың сынақ ісінен өту мерзімі, іскер саланың өкілдерімен ұшырасуы, бір жағынан, оқу материалының жинақталуы үшін қызмет етсе, екінші жағынан, ғылыми-теориялық консультациялар мен ұсыныстар беру мүмкіндіктеріне жол ашады. Біздің ұжым кәсіпорындардың статистикалық мәліметтері мен шаруашылық іс-әрекеттерінің көрсеткіштері негізінде экономикадағы және қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі нақты өзгерістерді көрсететін курстық, дипломдық жұмыстарының мазмұндарын жетілдірумен шұғылданады.

Маманның бәсекеге қабілеттілігінің арттыруында оның өз қызметінде ғылымның және озат тәжірибелердің қолдана білуі, сонымен бірге ғылыми эксперименттер жүргізуіне мүмкіндігінің болуы маңызды роль атқарады.

Біздің студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарға тартудағы тәжірибеміз жалпыға мәлім болғанымен, әлі де өзгелерді қызықтыруда. Себебі, біздің басты ерекшелігіміз бен мақсатымыз - мамандардың ЖОО-да оқу қорытындысының кезеңі дипломдық жұмысты даярлау болып табылады.

Студенттің ғылымға икемдігін анықтау үшін оны кафедраның үйірме жұмысына тарта бастаймыз, реферат дайындауға тапсырма беріп, қорытынды есебі ретінде ол таңдаған тақырып бойынша студенттік конференцияда баяндама жасайды. Студент баяндаманы дайындау барысында жетекшісінің кеңесімен және өз бастамасымен көптеген ғылыми әдебиетпен танысады, оларды қажетіне қарай есіне сақтап, кейін пайдаланып отырады. Осы кезеңде оның ғылыми мүдделерінің алғашқы нобайлары көріне бастайды. Бұл үдерісте экономиканың көкейкесті мәселелеріне арналған ғылыми-әдістемелік семинарлардың (арнайы курстар) өтуі маңызды роль атқаруы мүмкін. Мұндай шараларды әдетте өз жұмысына шын ниетпен берілген адамдар өткізеді.

Екінші кезең жалпы кәсіби пәндерді зерттеумен (оқумен) байланысты. Осы пәндер бойынша жазылған курстық жұмыстар мен рефераттар студентке бірінші курста басталған ғылыми жұмысын жалғастыруға өз септігін тигізуі тиіс. Сондықтан, жалпы кәсіби пәндер бойынша курстық жұмыстардың тақырыптары бірінші курстың курстық жұмыстарын тереңдете және кеңейте түсуі керек. Студент бұл кезеңде өз ғылыми ізденістерінің қолданбалы сипатын анықтап, азды-көпті нобайларын көруі тиіс.

Үшінші кезең арнайы пәндерді зерттеумен байланысты. Бұл пәндер бойынша курстық жұмыстар (жобалар) қолданбалы сипатта болуы керек. Курстық жұмыс мүмкіндігінше үш бөліктен болғаны ләзім: бірінші – теориялық, екінші - жалпы теориялық пәндер бойынша, үшінші – өз мамандығы. Мұндай курстық жұмыс іс жүзінде кішігірім дипломдық жұмысты еске салады. Сондықтан, оны толықтырып, кеңейткен жағдайда дипломдық жұмысты дайындауға мүмкіндік туады. Нәтижесі - дипломдық жұмысты қорғау, немесе ЖОО-ның ғылыми жинағында бір-екі мақала шығару.

Студенттің бірінші курстық жұмысынан бастап дипломдық жұмысына дейінгі кезеңдерінің «жобалық жолдары» осындай болуы тиіс.

Университеттің экономика пәндері бойынша жұмыстанатын оқытушылары Батыс Қазақстан өңірі, облыс және жақын шетел кәсіпкерлерінің ұйымдастыруымен өтетін «Бизнес-форумдар» мен өзге де шараларға қатысып экономика, менеджмент және маркетингтегі көкейкесті мәселелерге арналған баяндамалар жасайды.

Бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру ісінде оқу және өндірістік тәжірибелердің маңызы зор. Бұл ретте тәлімгерлердің де жұмысы үлкен роль атқарады. Оқу мен өндірістік тәжірибелердің міндеті - студенттердің теориялық білімдерінің іс жүзінде жүзеге асуына жағдай жасау немесе оған мүмкіндік туғызу. Өндірістік тәжірибелер жыл сайын мамандыққа байланысты әр түрлі ұйымдарда өткізіледі. Мұндай істің нәтижесіне студенттер ғана емес, жетекшілер де, ұстаздар да дән риза.

Университет кешенінің білім берудегі стратегиялық міндеті - басқару және ғылым салаларының жаңа идеяларын өзіне сіңіре отырып, біріктіруге және оларды жүзеге асыруға қабілетті, бәсекеге түсе алатын элитаны даярлай алатын батыс өңіріндегі орталық болу.

Бұл мақсатты шешу жолдары: іргелі біліммен байланыстырылған ғылым өндірісіне жапсарлас салаларда терең арнайы білімнің болуы.

Шешу құралдары: ақпараттық технологиялар мен жекеше оқыту негізінде білім беру және оқыту бағдарламаларының жүйелілігін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер

1. Аганина Т.Л. Методика преподавания основ экономических знаний. - Алматы, 2003.
2. Баймуханов Б., Караев Ж. Дидактические особенности использования информационных технологий обучения. – Алматы, 2001.
3. Куликов Л.М. Основы экономической теории: учебное пособие. – М.: Финансы и статистика, 2009.

УДК 37.013(477) “1910/1928”

ВКЛАД МАРИИ ГРИНЧЕНКО В ПОПУЛЯРИЗАЦИЮ ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ БОРИСА ГРИНЧЕНКО В УКРАИНЕ (1910 -1928)

Лашко М.В.

Киевский университет имени Бориса Гринченко (Украина)

Мақалада атақты украин ағартушысы М. Гринченко (1863 - 1928) мен белгілі қоғам қайраткері, педагог, жазушы Б. Гринченконың (1863-1910) өмірі мен шығармашылық мұралары туралы жазылған.

The contribution of the famous Ukrainian activist Maria Grinchenko to the popularization of creative heritage of Ukrainian activist, teacher and writer Boris Grinchenko is presented based on the analysis of little-known facts of her life and work.

Кілт сөздер: *М. Гринченко, атақ, Б. Гринченконың шығармашылық мұрасы.*

Key words: *Maria Grinchenko, popularization, Boris Grinchenko's intellectual heritage.*

За последние двадцать лет в Украине произошли общественно-политические изменения, позволившие вернуть из небытия запрещенные в Советском Союзе имена многих педагогов и общественных деятелей. Среди них важное место занимает известная просветительница, педагог М. Гринченко (Загирня). Ее имя на долгое время было вычеркнуто из советской науки из-за активной просветительской и издательской деятельности в тесной связи с Б. Гринченко. Этим и объясняется незначительное количество исследований научно-педагогических работ М. Гринченко. Сегодня ее имя снова возвращается в научное пространство.

Историографический анализ показал, что творческое наследие Б. Гринченко изучали многие украинские исследователи (М. Возняк, В. Дурдуковский, С. Ефремов, Н. Плевако, П. Стебницкий). Но в популяризации его наследия главная роль принадлежит М. Гринченко. Именно она стремилась донести творческие достижения своего мужа к потомкам. Этот аспект ее деятельности мало исследован. Определенную информацию о популяризации произведений Б. Гринченко можно найти лишь в нескольких изданиях, а именно в диссертационном исследовании М. Думанской [5], в котором раскрывается издательская и редакторская деятельность М. Гринченко, и в монографии Л. Неживой [7] с аспектом изучения литературной и переводческой деятельности М. Гринченко.

Отдельного внимания заслуживает статья А. Белоцерковской, освещающая участие деятельницы в процессе подготовки и издания посмертной биографии Б. Гринченко в 1911 г. [2].

Цель нашей статьи - определить и охарактеризовать вклад М. Гринченко в популяризацию творческого наследия Б. Гринченко в 1910 -1928 гг. В 1910 г. сразу после смерти мужа для М. Гринченко стало главным - наладить активную работу по популяризации творческого наследия Б. Гринченко, сохранению памяти о нем. Первым шагом в этом деле было издание его биографии. Для этого деятельница начала переписку с Николаем Антоновичем Плевако, ставшим позже первым биографом Б. Гринченко. Во время учебы в Харьковском университете Николай Антонович создал на факультете студенческое издательство имени Б. Гринченко. Очерк о Б. Гринченко и стал первой брошюрой, выпущенной издательством.

Стоит отметить, что еще с самого начала переписки М.Гринченко посоветовала Николаю Антоновичу не обращаться к отцу Бориса Дмитриевича из-за его преклонного возраста, установив тем своеобразную монополию на факты жизни и деятельности своего мужа [29, л. 2]. Поэтому Николай Антонович решил сотрудничать в написании биографии только с Марией Николаевной. Об этом узнаем из его письма к М. Гринченко от 13 февраля 1911 г. : «Ваш совет мне - не ходить в деле жизнеописания к отцу Бориса Дмитриевича убедил меня, что действительно незачем идти к нему. Важнейшие факты из жизни Бориса Дмитриевича мне известны , а если отец настолько стар, то... он ... еще и добавит чего-то небывалого » [17, л. 1].

Как талантливый популяризатор и автор многих просветительных народных книг Мария Николаевна дала ценные советы Николаю Антоновичу по написанию биографии, призвала его объяснять читателю даже общеизвестные факты. Эти советы могут понадобиться и в настоящее время при написании работ, посвященных жизни и деятельности персоналий. Как видим, просветительница считала, что при написании биографии Б. Гринченко нужно показать почву, на которой он вырос, и обстоятельства, среди которых работал. Кроме того, она отмечала, что «составлять жизнеописание надо непременно систематически, чтобы события шли одно за другим перед читателем, так, как они идут в жизни» [10, л. 2]. Таким образом, М. Гринченко стремилась сделать все возможное, чтобы книга была понятной для читателей и исследователей.

Мария Николаевна внимательно следила за процессом публикации биографии, зная об отношении цензуры к украиноязычным изданиям. Поэтому настоятельно рекомендовала Н. Плевако следить, «чтобы не было острых высказываний, а не то... труд будет напрасным », заботилась о том, чтобы автору осталось по несколько контрольных экземпляров издания на случай , если их вдруг конфискуют из-за запрета цензуры [11 , л. 1].

В конце концов, получив напечатанные экземпляры книги, М. Гринченко благодарила Николая Антоновича. Она отмечала, что Н. А. Плевако писал очень хорошо, и советовала писать и издавать такие книги, которых пока нет. Для этого послала ему темы для книгоиздания, разработанные Киевской «Просвитой», с конкретными предложениями о том, что надо подготовить и напечатать [12, л. 1] .

Получив тираж биографии, М. Гринченко сразу передала 800 экземпляров в магазин " Киевской старины ", 200 - в магазин «Литературно -научного вестника» , а еще 200 оставила себе, чтобы передать позже в новый книжный магазин. В письме к Н. Плевако Мария Николаевна сообщила о появлении двух рецензий на его книгу - одной в газете "Рада" , а второй - в девятой книге журнала «Світло» [13]. Кроме издания биографии, М. Гринченко согласилась помочь Николаю Антоновичу составить библиографию произведений Б. Гринченко [14].

Из обширного эпистолярия ясно, что у Марии Николаевны были большие планы по дальнейшему изданию произведений Б. Гринченко. В частности, она писала в одном из

писем к Н. Плевако о намерении напечатать «Читанку» и передать много материалов в библиотеку "Молодость" [15].

Цензура одобрительно отозвалась о биографии. Что и не удивительно, ведь издание было хорошо продуманное, на обложке был напечатан портрет Б. Гринченко, на ее обороте - реклама изданий его произведений [9]. Весь процесс подготовки жизнеописания свидетельствовал о стремлении Марии Николаевны создать объективную и беспристрастную биографию. Этот труд является неоспоримым доказательством ее подвижнической деятельности в память своего мужа, известного общественного деятеля Б. Гринченко. Кроме этого, М. Гринченко способствовала распространению его биографии среди просветительных учреждений и рядовых граждан.

Вторым не менее важным направлением ее деятельности в деле популяризации творческого наследия мужа было активное сотрудничество с учреждениями, носившими имя Б. Гринченко, и участие в мероприятиях, посвященных чествованию его памяти. В Институте рукописи Национальной библиотеки им. Вернадского сохранилась переписка М. Гринченко с образовательными и культурными учреждениями, названными именем Б. Гринченко. Для этого она составила в 1918 г. специальный список из четырнадцати образовательных и просветительских учреждений [35]. Среди них - школы, гимназии, педагогические курсы, общества и др. Такая деятельность была чрезвычайно важной в то время, ведь литература, которую направляла Мария Николаевна, пополняла библиотеки этих учреждений, способствовала становлению украинской школы и внедрению обучения на родном языке, за что боролся Б. Гринченко.

Эпистолярное наследие М. Гринченко свидетельствует о ее тесных связях с образовательными учреждениями, а содержание писем - о теплоте отношений между их коллективами и Марией Николаевной. В архиве хранятся искренние поздравления от коллективов Высших педагогических курсов им. Б. Гринченко в Белой Церкви [25], Первой украинской общественной гимназии в Умани [26], Женской народной школы им.

Б. Грин-ченко во Львове [27], Нижнесироватской семилетней школы им. Б. Гринченко [28], Киевской педагогической школы им. Б. Гринченко [32]. В большинстве писем учительские коллективы и учащиеся радостно сообщали М. Гринченко, что живут великими идеями Б. Гринченко и понесут их «в широкие массы людей», что «его дело не погубило и будет с новыми силами понесено дальше и дальше» [25, л. 1]. В основной своей массе письма содержали приглашения на празднование дня рождения или на творческие вечера памяти Б. Гринченко [33], имя которого в то время стремительно приобретало популярность. Также положительные отзывы просветительницы получали и сообщения о культурных мероприятиях памяти Б. Гринченко [28].

Отвечая на приветствия, деятельница обязательно присылала в подарок книги и фотографии Б. Гринченко, выражая надежду, что работники и воспитанники указанных учреждений будут достойными последователями дела Бориса Дмитриевича [28, л. 6]. Такая переписка продолжалась и в 20-х годах, но с меньшей интенсивностью, и в конце концов прекратилась во второй половине 20-х годов незадолго до смерти М. Гринченко. Но времена изменились. Начала появляться критика Б. Гринченко со стороны официальной советской идеологии. Первым свидетельством новых веяний стало издание книги В. Коряка «Украинская литература. Конспект», в которой звучали негативная оценка деятельности Б. Гринченко, обвинения его в воинственном национализме [6]. Такой удар было тяжело пережить, тучи сгущались, ведь имя М. Гринченко фигурировало в делах печально известного Союза Освобождения Украины. И от неминуемой расправы деятельницу спасла только преждевременная смерть в июле 1928 г.

